



ШЕПТЕГІ КҮЗЕТ –
ШЕКСІЗ ІЗЕТ

8

Almaty

AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №103-104 (6666) 21 қараша, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ҮКІМЕТ

ӘЛ-АУҚАТТЫ АРТТЫРУ

Жаңа тетіктер жағдайды қалай реттейді?

19 қарашада ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтың төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Жиында 2026–2028 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Ұлттық Банкі мен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің макроэкономикалық тұрақтандыру және халықтың әл-ауқатын арттыру жөніндегі бірлескен іс-қимылдар бағдарламасы талқыланып, қабылданды.

Отырыс қорытындысы бойынша ҚР Премьер-министрінің орынбасары, Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин, ҚР Ұлттық Банкінің төрағасы Тимур Сүлейменов, ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова баспасөз конференциясын өткізді.

Үштарапты үйлестірілген жұмыстардың басты бағыты қандай? Қандай нәтиже беруі мүмкін? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

4



АҚЫЛ-ОЙ СПОРТЫ

АЛМАТЫДАҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

Тоғызқұмалақ сайысына 21 елден 180 спортшы қатысты

Алматы қаласында 17–23 қараша аралығында U-15 және U-17 жасөспірімдер арасында Тоғызқұмалақ Әлем чемпионаты өтуде. Чемпионат Алматы қаласы әкімдігі, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен Халықаралық Тоғызқұмалақ федерациясының қолдауымен ұйымдастырылуда.



Ернұр
РЫСБАЙ

Алматы қаласы Мәслихатының төрағасы Мейіржан Отыншиев салтанатты іс-шараға қатысушыларды құттықтады.

– Тоғызқұмалақ – халқымыздың терең ойлау мәдениетін танытатын ұлттық мұра. Алматының тоғызқұмалақ астанасы атануы бұл спорттың жаңа деңгейге көтерілуіне жол ашты. Қала әкімдігі ұлттық спортты дамытуға жан-жақты қолдау көрсетіп келеді. Чемпионатқа үлес қосқан федерация басшылығына және мамандарға алғыс айтамын. Барша спортшыларға табыс тілеймін, – деді Мейіржан Батырбекұлы.

Дүние жүзінің 21 мемлекетінен келген 180 жас спортшы классика (онлайн/офлайн), рапид және блиц түрлері бойынша сынға түсуде. Бұл туралы Алматы қаласы Спорт басқармасы басшысының орынбасары Бекжан Кенжебай өз сөзінде айта кетті.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

– Биылғы чемпионатқа жиырма елден 180 спортшы қатысып отыр. Бүгінде Қазақстанда екі жүз мыңнан астам адам тоғызқұмалақпен шұғылданады, соның ішінде Алматыда он мыңнан аса ойыншы бар. Бұл ұлттық ойынымыздың дамуы мен жастар арасындағы қызығушылықтың артқанын көрсетеді. Тоғызқұмалақ – ойлауды, тәртіп пен құрметті үйрететін құндылық. Барлық қатысушыларға сәттілік тілеймін, – деп атап өтті.


Алматыда екінші жыл қатарынан өткізіліп жатқан чемпионаттың маңыздылығы туралы Қазақстан Тоғызқұмалақ федерациясының президенті Әкім Тұрсын айтып берді.

– Ұлттық ойынымызды әлемдік деңгейге көтеру бағытында үлкен жұмыс атқары-

лып жатыр. Биыл Румыния, Үндістан, Корея және Пәкістанда федерация филиалдары ашылды. Мақсат – тоғызқұмалақты оқу орындарына енгізу және паралимпиада, сурдолимпиада бағдарламаларына қосу. Жарысты қолдаған барлық құрылымдарға алғыс айтамын. Барша ойыншыларға сәттілік тілеймін, бұл дода-ның әр қатысушысы үшін үлкен тәжірибе болады, – деді.

Тоғызқұмалақ – ұлттық ойын мәдениетін паш ететін зияткерлік мұра. Алматыда өтіп жатқан бұл чемпионат жасөспірімдердің интеллектуалдық әлеуетін арттырып, ұлттық спорттың халықаралық беделін одан әрі нығайта түседі.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz





САРАПТАМА

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ЖАҢА КЕЗЕҢ

Мемлекет басшысы қандай тапсырма жүктеді?

Бір апта бұрын Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің екінші форумы өткені белгілі. Алғашқы форум да былтыр қарашаның орта шенінде өткен болатын. Кезекті форумда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев саладағы бірқатар мәселелерге тоқталып, маңызды сөз сөйледі. Әсіресе, мал шаруашылығының әлеуетін арттыруға аса мән берді. Ал 19 қараша күні Президент Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровты қабылдап, жылдық жұмыстарының қорытынды есебін тыңдады және бірқатар маңызды тапсырмалар берді. Төменде ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің екінші форумы және саладағы басты мәселелер мен даму бағытына тоқтала кетейік.

САЛАНЫҢ ЖАҢА СЕРПІНІ

Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің форумы биыл екінші рет өтті. Форум жыл сайын ұйымдастырылып, оң үдеріске айналуда. Дегенмен, жиынды өткізудің қандай мәні мен маңызы бар? Еліміз бен халқымызға қандай пайдасы бар? Форум айналасындағы осы және өзге де сұрақтардың қойылуы заңды. Осыған орай алдымен аталмыш жиынды өткізудің қажеттігі туралы тоқталған жөн. Біріншіден, 2025 жыл – «Жұмысшы мамандықтар жылы». Ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін еңбеккерлер жұмысшы мамандар болып саналады. Сондықтан форумды өткізу мемлекеттік саясатқа сай келеді.

Екіншіден, форум қараша айының үшінші жексенбісі атап өтілетін Ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері күні қарсаңында өтеді. Соңғы жылдары Президентіміз кәсіби мерекелерге ерекше мән беруде. Бұл ұзақ жылдар бойы еңбегі мемлекеттік деңгейде елене бермеген азаматтарымызға сыйқұрмет көрсету болып саналады.

Үшіншіден, Президент соңғы Жолдауларында және экономиканы ырықтандыру саясатында ауыл шаруашылығы негізгі өсім драйвері ретінде айқындалған. Бұл біздің дәстүрлі аграрлы-индустриалды ел екенімізді көрсетеді. Қандай технологиялық дамыған ел болмасын, ұлттық қауіпсіздіктің негізгі көрсеткішіне азық-түлік қауіпсіздігі деңгейі кіреді. Сондықтан Қазақстан шикізат, өңдеу өнеркәсібі, көлік-транзит, цифрландырумен қоса ауыл шаруашылығына да мән беріп отыр.

Төртіншіден, 2025 жылы тамызда кезекті Ауыл шаруашылығы санағы өтті. Санақ ауыл шаруашылығында стратегиялық жоспарлау үшін қажет. Екінші форум мен санақтың өтуі осы саланы дамытуға жаңа серпін беруі мүмкін.

КЕШЕНДІ МӘСЕЛЕ, МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Қасым-Жомарт Тоқаев Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің екінші форумында сөз сөйлеп, бірнеше мәселе көтерді. Соның ішінде ауыл шаруашылығын дамыту үшін ерекше назар аударатын келесі мәселелерге тоқталды:

Бірінші, мал шаруашылығының әлеуетін барынша пайдалану. Президенттің сөзінше, біз бұған дейін егін шаруашылығын дамыту бағытында біршама жұмыс атқардық. Қол жеткізген жетістік аз емес. Енді мал шаруашылығына мән беру қажет. Ол үшін Үкіметке мынадай міндеттер жүктелді:

- Қаржыландыру тетіктерін жетілдіру;
- Ет бағытындағы мал шаруашылығының жүйелі өндірістік циклін енгізуді жалғастыру;
- Жайылымдық жерлерді тиімді әрі ауыстырып пайдалану;
- Ветеринария саласына реформа жүргізу (материалдық-техникалық қамтамасыз ету, мамандарды ынталандыру және еңбек жағдайын жақсарту).



Екінші. Жер саласындағы реформаны тоқтатпау. Бұл бағытта мемлекетке қайтарылған жерді тұрақты айналымға енгізу керектігі айтылды. Сондықтан Президент инвесторларға жағдай жасауды тапсырды.

Үшінші. Су тиімділігін арттырып, ирригациялық желілерді жаңғырту. Ол үшін цифрлы шешімдер арқылы су үнемдеу технологияларын енгізуді жалғастыру керек екені айтылды.

Төртінші. Агроөнеркәсіп кешенін қаржыландыру тәсілдерін жетілдіру. Президент, әсіресе, ауыл шаруашылық техникаларын жаңарту мақсатында қаржыландыру тәсілдерін жетілдіруге мән берді. Мысал ретінде жақында АҚШ-қа сапары аясында John Deere компаниясымен жасалған келісімді атады.

Бесінші. Агроөнеркәсіп кешенін цифрландыру. Цифрландыру әлемде жүріп жатқан үдеріс. Ол ауыл шаруашылығын да қамтып келеді. Сондықтан Мемлекет басшысы Үкіметке Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесіп, салалық ақпараттық жүйелерді интеграциялауды, сондай-ақ мәліметтер сапасын тұрақты түрде бақылауға алуды қолға алуды тапсырды.

Алтыншы. Терең өңделген өнім шығаруға басымдық беру. Еліміздегі агроөнеркәсіп кешені көбіне ауыл шаруашылығында шикізат өндірумен ғана шектеліп қалуда. 2023 жылы агроөнеркәсіптегі өңделген өнімнің көлемі 35%, ал биыл 50% болды. Мемлекет басшысы бұл жұмысты жалғастырып, 2026 жылы 70%-ға жеткізу керек екенін айтты.

Жетінші. Қазақстандық өнімдерді халықаралық нарыққа шығару. Мысалы, Қазақстан астығы Орталық Азия, Иран, Ауғанстан елдері секілді дәстүрлі нарықтармен қатар Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия мен Солтүстік Африкаға, атап айтқанда, Бельгия, Португалия, Норвегия, Ұлыбритания, Вьетнам, Марокко, Алжир мемлекеттеріне де жеткізіле бастады. Мемлекет басшысы бұдан өзге де өнімдерімізді экспорттауға қолдау көрсетуге шақырды.

МАМАНДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Жоғарыда атап өткеніміздей, биыл «Жұмысшы мамандықтар жылы», әрі ауыл шаруашылығының дамуына Мемлекет басшысы баса мән беріп отыр. Сол үшін де аталған салада табанды еңбек етіп келе жатқан мамандар жоғары мемлекеттік марапаттармен марапатталды. «Парасат» орденімен Қызылорда қаласынан еңбек ардагері Дүйсенбаев Серік Әбішұлы мен Ақтөбе облысынан Чемоданов Александр Фёдорович марапатталса, «Құрмет» ордені әр өңірде салаға тер төккен Нұрмахан Әбдібаев, Валентина Городова, Бекзат Мамырханов, Қайыржан Наурызғалиев, Мұратбек Нысанов және Бахтияр

Оспанов қатарлы 6 адамға берілді. Бұдан тыс, маңғыстаулық Мырзатай Қойшыбаев II дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен марапатталса, әр өңірден 11 адам III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен, 6 адам «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. 4 адамға «Қазақстанның аграрлық саласының еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді.

БАҒДАР САРАЛАНДЫ

Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің екінші форумы еліміздің аграрлық саясатына жаңа серпін беріп, саланың стратегиялық маңызын тағы бір айқын көрсетті. Мемлекет басшысы көтерген мәселелер аграрлық саланың дамуында шешуші рөл атқарады және алдағы жылдардағы нақты бағыттарды айқындайды. Мал шаруашылығын күшейту, жер және су ресурстарын тиімді пайдалану, агросаланы цифрландыру – Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі тетіктері екені анық.

Бұл бастамалар ел экономикасының тұрақты дамуына ықпал етіп, ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға серпін береді. Сонымен бірге, аграрлық саладағы реформалар мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екенін тағы бір мәрте дәлелдеп отыр. Сондықтан мұндай форумдардың өткізілуі агроөнеркәсіп саласының жаңа мүмкіндіктерін айқындап, оның болашағын жоспарлауға мүмкіндік береді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың форум мен министрді қабылдау барысында берген тапсырмалары агросаланы кешенді түрде жаңғыртуға бағытталған. Қаржыландыру механизмдерін жетілдіру, техникаларды жаңарту, экспорт әлеуетін күшейту – отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды қадамдары.

Сонымен қатар, терең өңдеу үлесін арттырудың нақты межесі қойылып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің қосылған құнын өсіруге ерекше назар аударылды. Бұл өз кезегінде еліміздің ішкі нарығын сапалы өніммен қамтып қана қоймай, халықаралық нарықтағы орнымызды нығайтуға мүмкіндік береді. Президент атап өткен цифрландыру міндеттері де саланың тиімділігін арттырып, нақты дерекке сүйенген басқару жүйесін қалыптастыруға жағдай жасайды. Демек, көтерілген мәселелер мен берілген тапсырмалар Қазақстанның аграрлық саласын жаңа деңгейге шығару жолындағы маңызды реформалардың негізі болып табылады.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



Ауыл шаруашылығы тауарларының экспорты 4,7 миллиард долларға дейін өсті. Бұл туралы Мемлекет басшысының қабылдауы кезінде Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров мәлімдеді. Президенттің қабылдауында ол аграрлық саланың биылғы он ай ішіндегі даму қорытындысы туралы баяндады.

1 ТРИЛЛИОН ТЕҢГЕЛІК ҚОЛДАУ

Аграрлық экономика жаңғыру үстінде

Министрдің айтуынша, есепті кезеңде негізгі макроқорсеткіштер бойынша оң динамика байқалады. Өнім өндіруде өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, ауыл шаруашылығы 8,2 триллион теңгеге жетіп 5,4 пайызға артса, азық-түлік 9 пайызға ұлғайып 3,1 триллион теңге болды. Ал агросектор тауарларының экспорты 4,7 миллиард долларға дейін өсті.

Президентке агроөнеркәсіп кешеніндегі жағдайды жақсарту үшін соңғы екі жылда қабылданған шаралар туралы мәлімет берілді. Атап айтқанда, айналым қаражатын толықтыру және ауыл шаруашылығы техникасын лизингке алу үшін 5 пайыздық мөлшерлемен тікелей несие беріле бастады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша агроөнеркәсіп кешенін қаржыландыру көлемі 1 триллион теңгеге дейін ұлғайды. Оның 250 миллиард теңгесі ауыл шаруашылығы техникасына жеңілдетілген лизинг беруге бағытталған. Биыл 25 мыңнан астам техника сатып алынды. Нәтижесінде машина-трактор паркінің тозу көрсеткіші 90 пайыздан 70 пайызға дейін төмендеді.

Саланы цифрландыру аясында «е-АӨК» бірыңғай цифрлық экожүйесін құру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл платформа субсидиялау, жер қорын басқару, егін, мал және балық шаруашылықтары бойынша көрсетілетін қызмет түрлерін, мемлекеттік ақпараттық жүйелерді ортақ цифрлық арнаға тоғыстырады.

Кездесу соңында Президент Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің екінші форумында агроөнеркәсіп кешенін одан әрі дамыту бойынша берілген тапсырмаларды сапалы орындау қажет екеніне назар аударды. Сондай-ақ, саланың тиімділігін арттыруға және елдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған бірқатар міндет жүктелді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауынан кейін Ауыл шаруашылығы министрі Ақордада баспасөз өкілдеріне мәлімдеме жасады. Мәлімдемесінде ол Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Мал шаруашылығын дамытудың кешенді жоспары қабылданатынын жеткізді.

– Мал шаруашылығы туралы баяндадым, бұл бойынша кешенді жоспар жалғасып жатыр, оны аяқтаймыз, басты мақсаты малдың санын көбейтіп, сапасын жақсарту. Осы мақсаттарға жетуге көңіл бөлінетін болады, – деді мәлімдемесінде Айдарбек Сапаров.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



AI

ҰЛТТЫҚ СУПЕРКОМПЬЮТЕР

әлемдік ТОП-100 қатарына енді

«ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТУРАЛЫ»

заң қабылданды

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының «Жасанды интеллект туралы» Заңына қол қойды. Заң арқылы жасанды интеллект жүйелері қызметінің негізгі қағидаттары енгізілді.

Жасанды интеллект жүйелері ақпараттандыру нысаны ретінде анықталды. Енді жасанды интеллект адамның белгілі бір міндеттерді орындау құралы ретінде қарастырылады.

Осыны ескере отырып, заңда жауапкершілік және бақылау қағидаттары бекітілді. Соған сәйкес, меншік иелері мен пайдаланушылар жасанды интеллект жүйелерін қолдану кезінде өзінің атқаратын рөліне қарай жауап береді. Меншік иелері мен пайдаланушыларға жасанды интеллект жүйелерінің жұмыс істеуі мәселелері бойынша тәуекелдерді басқару, қауіпсіздік пен сенімділікті қамтамасыз ету, қолдау көрсету міндеттері жүктелген.

Сонымен қатар, заңдылық, әділеттілік, теңдік, ашықтық және түсініктілік, адам игілігіне басымдық беру, оның шешім қабылдаудағы еркіндігі, деректерді қорғау және құпиялылық, қауіпсіздік пен қорғаныс қағидаттары бекітілді. Заңның мәтіні баспасөзде жарияланады.

Әзірлеген
Нұржамал
ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

Ұлттық суперкомпьютер «Alem.Cloud» әлемдегі ең қуатты есептеу жүйелерінің халықаралық рейтингі TOP500 тізімінде 86-орынды иеленді. Бұл рейтингке тек HPL (High-Performance Linpack) стандарты бойынша тәуелсіз тестілеуден өткен, яғни әлемдік деңгейде мойындалған есептеу өнімділігіне ие кластерлер ғана енгізіледі. Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі хабарлады.

Ұлттық суперкомпьютер Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігіне қарасты «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ инфрақұрылымы базасында іске қосылған. Кластер жасанды интеллект, жоғары өнімді есептеулер, үлкен деректерді талдау сияқты стратегиялық маңызды бағыттарға арналған. Кластердің архитектурасы жоғары тығыздықтағы бірыңғай GPU-кешеніне біріктірілген 64 HPE Cray серверінің базасында іске қосылған. Әрбір есептеу торабы жоғары жылдамдықты қамтамасыз ететін NVIDIA H200-бен жабдықталған.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Мейіржан ӘУЕЛХАН, ЖИ бойынша сарапшы:

ЕЛ БОЛАШАҒЫНА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ

Жасанды интеллект жүйелерінің жұмыс істеуі тікелей осындай суперкомпьютерлерге, есептеу машиналары мен чиптерге тәуелді. Сондықтан бұл инфрақұрылымның біздің елімізде болуы өте маңызды. Үлкен деректермен жұмыс істеп, ЖИ жобаларды жүзеге асыру үшін қажетті. Сонымен бірге, аймақтық экономиканы, аймақтың саяси тепе-теңдігі үшін де маңызды рөл атқарады деп ойлаймын.

Бұл жерде тағы бір назар аударатын жайт, қазіргі таңда әлемдік AI индустриясы негізінен H100 чиптеріне таласып жатыр. Ал H200 – бұл одан да жаңа, жады көлемі мен өткізу қабілеті едәуір жоғары графикалық процессорлар. Бұл үлкен ЖИ моделдерін жасауда аса маңызды стратегиялық мәнге ие. Бұл чиптерді кейбір мемлекеттер ақшасы болса да сатып ала алмайды. Бұл суперкомпьютер елдегі экологиялық апаттар, су тапшылығы, ауа райының өзгерісі сынды маңызды мәліметтерді беру, есептеу бойынша өте қажетті құралдар. Сондықтан 86-орын деген жай ғана сан емес, бүкіл елдің тағдыры үшін маңызы сан. Ал екінші жағынан елдің бюджетіне алынған осы суперкомпьютерлерді ұстап отыру үшін маман керек, оны дайындау да маңызды. Ал оны пайдалану тек «жабық» мекемелердің еншісінде қалмай, елдегі стартаптарға да беру керек деп есептеймін.



(Сурет жасанды интеллектімен жасалған)

Alem.Cloud суперкомпьютері жобасы Біріккен Араб Әмірліктеріндегі G42 тобына кіретін Presight халықаралық технологиялық компаниясымен бірлесіп жүзеге асырылды. Presight жоғары өнімді есептеу кластерлерін жобалау мен AI экожүйесін дамытуға техникалық қолдау көрсетіп, әлемдік үздік тәжірибелерді Қазақстанның

қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік берді.

Жүйе жоғары петафлопс диапазонында өнімділікті қамтамасыз етеді және Қазақстан мен Орталық Азия аймағындағы ең қуатты есептеу платформасы болып саналады. Суперкомпьютер бағдарламалық жасақтамасы SUSE Harvester (виртуализация және таратылған есептеулерге арналған жаңа буын гипервизоры), SUSE Rancher (Kubernetes пен AI-жүктемелерін орталықтан басқару платформасы) технологияларын қамтиды. Кластердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін SUSE NeuVector (контейнерлік қауіпсіздік, желілік бақылау және рантайм-қорғау жүйесі), Palo Alto Networks желілік сегментация және киберқауіпсіздік шешімдері, сондай-ақ Thales криптографиялық және аппараттық шифрлау құралдары қолданылады.

Бұған дейін «ҰАТ» АҚ техникалық мамандары халықаралық серіктестермен бірлесіп, HPL (Linpack) әдістемесі бойынша кешенді тестілеу жүргізді. Мақсаты – жүйенің нақты есептеу өнімділігін өлшеу және оның TOP500 рейтингінде тіркеуге дайын екенін растау. Нәтижесінде суперкомпьютер қажетті көрсеткіштерге жетіп, Қазақстанның жаһандық TOP500 рейтингіне ресми түрде өтінім беруіне мүмкіндік берді.

Әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

БРИФИНГ

ЖАСТАР БІЗГЕ ҚАРАП БОЙ ТҮЗЕЙДІ

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен кезекті брифинг Қазақстан халқы Ассамблеясы Ақсақалдар кеңесінің қоғамдық бірлікті нығайту мен жастарды тәрбиелеудегі рөліне арналды.

Нұржамал
ӘЛІШ



Алматы қаласы бойынша ҚХА төраға орынбасары Долқунтай Әлиев мейірімді, жауапты ұрпақ тәрбиелеу барша азаматтың ортақ міндеті екенін атап өтті. Оның айтуынша, бірлік пен келісім – Қазақстан дамуының негізгі қағидаты болып қала бермек, ал елдің болашағын айқындайтын – жастар.

«Біз жүзден астам ұлт өкілі бір үлкен отбасыдай өмір сүріп, барлық қиындықты

бірге еңсеріп келеміз. Бұл – Ассамблеяның ынтымаққа үндеп, бірлікті насихаттап келе жатқан еңбегінің де нәтижесі. Отбасы – шағын мемлекет. Бала үйде не көрсе, соны бойына сіңіріп өседі. Жастар саналы, мәдениетті болып өссін десек, оларға ең алдымен өзіміз үлгі болуымыз керек», – деді Д.Әлиев.

Ақсақалдар кеңесінің мүшесі Руслан Қалиоллаев ақсақалдардың мектеп пен жоғары оқу орындарының тәрбиелік бағдарламаларына белсендірек қатысқанын құп көреді. Оның айтуынша, аға буынның көрген-түйгені көп, сондықтан олар жастармен жиі кеңесіп, ой бөлісіп отыруы керек.

«Біздің қариялар жастарға отанды, мәдениетті, отбасын құрметтеудің маңызын жеткізсе, бұл қоғамның дамуына үлкен үлес қосқаны», – деді ол.

Ақсақалдар кеңесінің өкілдері Алматы қаласындағы мектептермен, колледждермен және қоғамдық ұйымдармен тығыз ынтымақтастықты жалғастыруға ниетті



екенін білдірді. Әсіресе, рухани, мәдени құндылықты дәріптеп, этносаралық

келісімді нығайтуға көп көңіл бөлетінін жеткізді.



САРАПТАМА

ӘЛ-АУҚАТТЫ АРТТЫРУ

Жаңа тетіктер жағдайды қалай реттейді?

(Басы 1-бетте)

Алдағы міндет – инфляцияны төмендету

2026–2028 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің макроэкономикалық тұрақтандыру және халықтың әл-ауқатын арттыру жөніндегі бірлескен іс-қимылдар бағдарламасы еш себепсіз, өздігінен пайда болған құжат емес. Ол Үкіметтің, Ұлттық Банктің және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің инфляцияны төмендетуге бағытталған шаралардың жалғасы.

2025 жылы 8 қазандағы Президенттің төрағалығымен өткен жиын, одан кейін 10 қазандағы Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемені 18%-ға арттыру туралы шешімі, 16 қазандағы Президенттің экономикалық жағдайды тұрақтандыруға байланысты Үкіметке берген тапсырмасы мен сол күні өткен Үкімет отырысында қабылданған дағдарысқа қарсы шаралар және 19 қарашада қабылданған бірлескен бағдарлама бір тізбектегі оқиғалар мен шешімдер. Қазір мемлекеттің басты мақсаты – елдегі инфляцияны төмендету.

Аталған шаралар елдегі инфляцияның өсімін баяулатты. ҚР Ұлттық Банкінің дерегіне сүйенсек, тамыз айында жылдық инфляция 12,2%-ға, қыркүйекте 12,9%-ға өскен. Егер дер кезінде жоғарыда аталған шаралар қабылданбағанда қазан айында инфляция 13%-дан асар еді. Дегенмен, мемлекеттік органдар қабылдаған шешімдердің нәтижесінде инфляция баяулады. Ұлттық Банктің 18 қарашада берген ақпаратына сүйенсек, қазан айында жылдық инфляция 2,6%-ға түскен. Өңірлер бойынша қарастыра болсақ, жылдық инфляция 10 өңірде баяулады, 6 өңірде жеделдеп, 4 өңірде бұрынғы деңгейде қалды.

Қандай іс-шаралар қабылданды?

Үкімет 16 қазандағы отырыс қорытындысы бойынша экономиканы тұрақтандыру мен халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған негізгі шаралары мынадай болған:

- 16 қазаннан бастап инфляция деңгейі тұрақтанғанға дейін АИ-92 маркалы бензин мен дизель отыны бағасын одан әрі көтеруге мораторий енгізілді. Енді нарықта сұранысқа ие бензин маркасының бағасы өспейді.

- 16 қазаннан бастап барлық тұтынушылар тобы үшін 2026 жылдың I тоқсанының соңына дейін коммуналдық қызметтер тарифтері өспейді.

- Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарла-



(Депкекөз: primeminister.kz)

ры бағасының өсуіне жол бермеу үшін отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қаржыландыру көлемін екі есе ұлғайту.

- Делдалдық схемаларды және сауда үстемелерін асыра қосу фактілерін анықтау жөніндегі өңірлік комиссиялар жұмысын күшейту.

- Жаңа Салық кодексінің шағын және орта бизнес қызметіне теріс әсерін азайту мақсатында оңайлатылған декларация негізіндегі арнайы салық режимін қолдануға салынатын басы артық шектеулерді алып тастау туралы шешім қабылданды.

- Базалық мөлшерлеменің көтерілуіне байланысты екінші деңгейлі банктер тарапынан ипотекалық бағдарламалар бойынша ұсыныстардың қысқаруы аясында тұрғын үй-құрылыс жинақ жүйесін қолдау туралы шешім қабылданды.

- Отандық автоөндірушілер мен екінші деңгейлі банктер халықтың жеңіл автокөлік сатып алуын қаржыландыру бағдарламаларын одан әрі жалғастырады.

Аталған шаралар Үкіметтің қабылдаған шешімдері. Ал 19 қарашада қабылданған бағдарлама бірнеше мемлекеттік органдар бірлесе дайындаған ұжымдық шаралар болып саналады. Макроэкономикалық тұрақтандыру және халықтың әл-ауқатын арттыру жөніндегі бірлескен іс-қимылдар бағдарламасы Үкіметтің, Ұлттық Банктің және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ортақ еңбегінің жемісі. Әдетте мұндай құжаттарды қабылдау үдерісі ұзаққа созы-

лады. Себебі, бұл мемлекеттік институттардың функционалдық жауапкершілігі әртүрлі. Соған қарамастан, 1 айдан астам уақыт ішінде талқыланып, қабылданды.

Бағдарламаның басты мақсаты – экономиканың сапалы және орнықты өсуін қамтамасыз ету және инфляцияны төмендету арқылы халықтың нақты табысын арттыру. Онда экономикалық саясаттың негізгі бағыттарының шаралары мен құралдарының жиынтығы қарастырылған. Олар төмендегідей:

- «Инвестицияларға тапсырыс» қағидатына негізделген жаңа тәсіл енгізілуде. Бұл тәсіл инвесторлар үшін алдағы 25 жыл ішінде заңнаманың тұрақтылығына кепілдік беруден көрініс табады. Осы тәсілді енгізу арқылы құны 29,5 млрд. теңгеден асатын инвестициялық жобалар үшін басым салаларда 25 жыл ішінде заңнаманың тұрақтылығына кепілдік беретін инвестициялар туралы келісімдер жасалады.

- Экономикалық өсудің проактивті саясатын жүзеге асыру үшін «Бәйтерек» холдингінің рөлі қосылатыны. Холдинг ұлттық экономика үшін барынша мультипликативтік әсерді қамтамасыз ететін 15–20 жүйе құраушы жобаны жүзеге асыруға шоғырланады. 2026 жылға арналған портфельде басымдықтар келесідей бөлінеді:

- 42% химия және мұнай-газ химия өнеркәсібін;
- 19,6% – көлік және логистиканы;
- 12,1% – энергетиканы;
- 7,1% – тау-металлургиялық кешенді;
- 6,4% – агроөнеркәсіптік кешенді және тамақ өнеркәсібін қаржыландыруға тиесілі.

Ол үшін Үкімет республикалық бюджет параметрлеріне сәйкес 2026 жылы «Бәйтерек» холдингіне 1 трлн. теңгеге дейінгі бюджет қаражатын бөлуді жалғастырады.

- Инфляцияға қарсы шаралар шеңберінде электрондық сауданы реттеуге ерекше назар аударылады. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында маркетплейстерде – бөліп төлеген және бөліп төлемеген кезде қосарланған бағалар тәжірибесі енгізіледі.


- Үкімет квазимемлекеттік секторды оңтайландыру жөніндегі жұмысты жалғастырады. 2026 жылдың соңына дейін квазимемлекеттік сектор субъектілерін құруға мораторий қолданылады. Одан әрі оңтайландыруға ұсынылатын мемлекеттік объектілердің жаңа тізбесі қалыптастырылған. Оған баланстық құны 2 трлн. теңгеден асатын 500-ге жуық компания кірген. Бұдан бөлек, «Қазақтелеком» акционерлік қоғамы мен «Qazaq Green Power PLC» акцияларын IPO/SPO-ға шығару жоспарлануда.

Үкіметтің жоспары бойынша осы аталған шаралар арқылы Бюджет тапшылығын 2028 жылы жалпы ішкі өнімге 0,9%-ға дейін, ал мұнайға қатысты емес тапшылықты жалпы ішкі өнімге 2,7%-ға дейін қысқармақ.



Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

Инфографиканы дайындаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.





ӘРІПТЕСТЕР ӘЛЕМІ



БАС ЖҮЛДЕ – БІЗДІҢ ҚОРЖЫНДА!

Дина Литпин – «Еркін сөз – 2025»
байқауының жеңімпазы

«Alatau Aqparat» медиахолдингінің журналисі Дина Литпин Түркітілдес журналистер қоры ұйымдастырған байқауда бас жүлдеге ие болды.

Түркітілдес журналистер қоры биыл журналистика саласындағы екі маңызды жоба – «Әлеумет – қоғам айнасы» және «Еркін сөз – 2025» байқауларының жеңімпаздарын марапаттады.

«Еркін сөз – 2025»: «Сайттағы үздік мақала» бойынша Бас жүлдені «Alatau Aqparat» медиахолдингінің журналисі Дина Литпин иеленді. Бұл жеңіс холдинг журналистерінің кәсіби шеберлігін, сондай-ақ, онлайн-журналистикадағы сапалы контентке деген ұмтылысты айқын көрсетті.

«Еркін сөз – 2025» байқауы аясында да бірқатар қаламгердің еңбегі еленді. Диана Біржанова 100 мың теңгелік жүлдені иеленсе, 500 мың теңгелік бас жүлделер бірнеше номинация бойынша табысталды: «Үздік ақпараттық бейнесюжет» номинациясында – Нүркен Әкімханов, «Газеттегі үздік мақала» бойынша – Гүлзия Тілекқабылқызы, «Сайттағы үздік мақала» аталымында басты жүлде «Alatau Aqparat» медиахолдингінің тілшісі Дина Литпинге берілді.

Айта кетейік, Түркітілдес журналистер қоры «Еркін сөз» байқауын 9 жылдан бері өткізіп келе жатыр.

Медиахолдинг ұжымы жүлделі әріптесімізді және барлық жеңімпаздарды шын жүректен құттықтайды!

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

КӨГАЛДАНДЫРУ

Алматыда «Таза Қазақ-Астан» республикалық бастамасы аясында Түркісіб ауданы «Қайрат» шағынауданында салынып жатқан жаңа мектеп аумағына 500-ден аса ірі көлемді ағаш егілді. Бұл игі іс жеке инвестиция есебінен жүзеге асып отыр. Құрылыс жүргізіп жатқан компания жоба бойынша міндеттелген 50 түптің орнына, өз бастамасымен он есе артық көлемде жасыл желек отырғызуды қолға алған.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жаңа мектеп маңындағы көгалдандыру жұмыстары Алматының климаттық жағдайына бейімделген түрлі ағаш және бұта түрлерін қамтиды. Мамандар мұнда арша, мойыл, шаған, қарағаш, сондай-ақ түрлі декоративті бұталарды таңдаған. Бұл жасыл желек болашақ білім ұясының аумағын көркейтіп қана қоймай, оқушылар мен тұрғындар үшін жайлы экологиялық орта қалыптастыруды көздейді.

«Azimut» ЖШС құрылыс компаниясының директоры Рифкат Азимовтың айтуынша, мұндай бастаманың қала экологиясына қосар үлесі зор.

– Мектеп аумағына 500 ағаш отырғызып жатырмыз. Біздің құрылыс компаниясы Алматыда 33 жыл жұмыс істейді. Алматыдағы саябақтарда, көшелерде, арнайы

КӨРКЕЙГЕН АЙМАҚ

«Келешек мектептері» аумағына ағаш отырғызылды



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

тіреуі бар, суаруға арналған сөмкелері ілінген ағаштарды көрсеңіздер – соның көбі біздің питомниктен шыққан. 53 гектар жерді алып жатқан питомникте 60 мыңнан астам ағаш өсіріліп жатыр. Былтыр қалаға 3 мың, биыл 5 мың ағаш отырғыздық. Бұл жұмыс алдағы уақытта да жалғасады, – деді ол.

Көгалдандыру жұмыстары туралы Алматы қаласы Құрылыс басқармасы басшысының орынбасары Дәулет Еламановтың айтуынша, мектеп айналасына отырғызылған ағаштар қаланың экологиялық ахуалын жақсартуға бағытталған.

– Президент бастамасымен іске асқан «Келешек мектеп» ұлттық жобасы аясында бұл аумақта

500-ден астам ірі көшет егіліп жатыр. Барлық жасыл желек қаланың табиғи ортасына бейімделген. Бұл жұмыстар Түркісіб ауданы «Қайрат» шағынауданында салынып жатқан жаңа мектеп аумағында жүріп жатыр. Қаржыландыру – құрылыс компаниясы мен оның қосалқы мердігерлерінің қолдауымен жүзеге асуда, – деді ол.

Жаңа мектептің айналасын жасыл желекке бөлеу – қала экологиясын жақсартуға бағытталған ұзақ мерзімді шара. Көп мөлшерде егілген ірі ағаштар бірнеше жылда толыққанды саялы аймаққа айналып, балалардың да, тұрғындардың да тыныс-тіршілігіне қолайлы орта құруға қызмет етеді.

ПРЕМЬЕРА

«ЖӘМИЛА» МЮЗИКЛІ – АЛМАТЫДА

Алматы қаласында Шыңғыс Айтматовтың көрнекті шығармасына негізделген мәдени іс-шара өтпек.

26 қараша күні сағат 19.00-де Алматы қаласындағы Республика сарайында Тоқтоғұл Сатылғанов атындағы Қырғыз ұлттық филармониясы қазақстандық көрерменді Шыңғыс Айтматовтың әлемге танымал шығармасы негізінде сахналанған «Жәмила» мюзиклін ұсынып, өнер сүйер қауымды тарихи туындының қойылымымен қуантпақ.

Аталмыш қойылым ұлы жазушының әрі ойшыл Шыңғыс Айтматовтың 100 жылдық мерейтойына орайластырылған халықаралық шығармашылық турдың аясында және Қырғыз Республикасы Үкіметінің қолдауымен Алматы, Баку, Ташкент, Анкара қалаларында, сондай-ақ Еуропа елдерінде ұсынылады.

«Жәмила» (қырғ. Жамийла) – қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматовтың 1958 жылы жарық көрген алғашқы повесі. Бұл шығарма жазушыға тек туған елінде ғана емес, бүкіл әлемде кең танымалдық алып келген еді. Повесте Данияр мен Жәмиланың махаббаты жас суретші Сейіттің көзімен баяндалады. Шығарма алғашында «Обон» (Өуен) деген атаумен жарияланғаны да белгілі.

Айтматов шығармашылығының алтын қорына енген «Жәмила» бүгінгі күнге дейін адамгершілік, адалдық пен махаббат туралы мәңгілік құндылықтарды дәріптеп келеді.

Қойылымның басты бағыты – өз тағдырын қабылдаған және шынайы сезімге деген сенімін жоғалтпаған Даниярдың бейнелері; жарқын болашаққа және таза махаббатқа деген үмітке батыл қадам жасаған Жәмила; ұлы сезімнің куәсі болған және шынайы өмірді ерте білген Сейіт. Енді алматылық көрермендер сол туындының жаңа музыкалық терең талдауын тамашалау мүмкіндігіне ие болмақ.



Қойылымның шығармашылық құрамы:
Жоба жетекшісі және бас координатор –
Қырғыз Республикасының халық артисі Қырғызбай Осмонов.

Қоюшы-режиссер – Қырғыз Республикасының еңбек сіңірген артисі Болот Тентимышов.

Либретто авторлары – Қырғыз Республикасының мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткері Улан Зайнидин уулу, Қырғыз Республикасының еңбек сіңірген артисі Болот Тентимышов.

Композитор – Қырғыз Республикасының еңбек сіңірген артисі Мурзали Жеенбаев.

Ақын – А.Осмонов атындағы сыйлықтың лауреаты Махабат Молдалиева.

Қоюшы-суретші – Күлчоро Шерматов.

Бас хормейстер – Қырғыз Республикасының халық артисі Гүлбара Маматова.

Бас балетмейстер – Эрлан Камытбеков.

Киім суретшілері – Дөөлөт Рысбаев, Жамиля Стамбекова.

ҚАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ

КӨК ТҮТІНМЕН КҮРЕС

Зиянды газдың 60%-ы
автокөліктерге тиесілі

Жылжымалы экологиялық зертхана қаладағы көліктерді тексерді. Алматы қаласы табиғатты қорғау прокуратурасының тапсырмасы бойынша қала әкімдігі атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі іс-шараларды өткізу жоспарын жүзеге асырып жатыр.



Досбол
АТАЖАН

Қала жолдарында газ шығарындыларды өлшеу бойынша тұрақты рейдтер жүргізіліп келеді. Алайда, биылғы жоспарға коммуналдық, жолаушылар және жүк тасымалдау көліктерін жеке тексеру жұмыстары да енгізілді.

«Eco Almaty» ЖШС атмосфералық ауа департаментінің басшысы Айдана Қасеннің айтуынша, жылжымалы экологиялық зертхана көлік тұрақтарына және автобус парктеріне барып, тікелей көлік пайдаланылатын жерде өлшеу жүргізіп, экологиялық нормадан асуды деректерін тіркейді.

– Біз жеңіл көліктерді, жүк көліктерін және қоғамдық көліктердің экологиялық нормаға сәйкестігін тексеріп жатырмыз. Қаладағы атмосфералық ауаның жағдайы қиын болып тұр. 2024 жылғы зерттеулерге сәйкес, Алматыда зиянды шығарындылардың 60%-ы автокөліктерге тиесілі. Сондықтан автокөліктерге ерекше назар аударып отырмыз, – деді ол.

Іс-шара барысында жылжымалы экологиялық зертханада тексеріліп, экологиялық нормалардың бұзылу анықталған көлік жүргізушілеріне бұзушылықтарды жою туралы ескерту берілді. Сондай-ақ, қаладағы ірі автобус парктерінің бірінде қоғамдық көліктер тексерілді. Автобус парктерінің өкілдері желіге тек жаңа, табиғи газбен жүретін автобустар шығарылатынын, олар ерекше бақылауда болатынын айтты. Қалалық автопарктердің мақсаты – көліктің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету және атмосфераны ластауды барынша азайту.

БРИФИНГ

АЛАТАУ АУДАНЫНЫҢ АДЫМЫ КЕҢ

31 қоғамдық кеңістік құрылып, 16 аула жаңартылды

Биыл Алатау ауданында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша 50 жоба іріктеліп алынып, мақұлданған. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте аудан әкімі Данияр Қырықбаев мәлімдеді. Ол арнайы баспасөз отырысында ауданның қол жеткізген жетістіктері мен алдағы жылға арналған жоспарларын таныстырды.

А

Нұржамал ӘЛІШ

Жайлы қоғамдық кеңістік

Аудан бойынша 16 аула жаңартылып, абаттандырылған; тұрғындардың өтінішімен 31 қоғамдық кеңістік жасалған; кешкі уақытта қауіпсіздікті айтарлықтай арттырған көше жарығын жаңғыртуға арналған 3 жоба орындалған. Бұл жұмыстар «Қарасу», «Ақбулак», «Саялы», «Зерделі» ықшамаудандарында атқарылған. Сондай-ақ, Рысқұлов даңғылы мен Бауыржан Момышұлы көшесінің бойы абаттандырылған.

Ауданда 100 шақырымнан астам жол жаңарды. Ал қазір 86,4 шақырым болатын жол орташа жөндеуден өтіп жатыр. Ол жұмыстар «Шаңырақ-1», «Шаңырақ-2», «14-территория», «Ақбұлақ», «Алғабас», «Зерделі», «АЗТМ», «Боралдай», «Байбесік», «Шалағат», «Өжет», «Птицевод», «Қарасу», «Саялы-1», «Саялы-2», «Көкқайнар», «Самғау», «Төлебай» сияқты 18 ықшамауданды қамтыған.



Сонымен қатар, ауданда «Боралдай» және «Рахат», «Мәдениет» ықшамаудандарында Алматы қалалық Мобильділік басқармасының тапсырысымен жаңа жол салынып жатыр. Тағы 45 көшеде шұңқырлар бітеліп, тегістеліп, 50 мың шаршы метр жол жабыны жаңартылды.

Білім инфрақұрылымы – болашақ инвестициясы

Ауданда «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында биыл жалпы қуаттылығы 9500 орын болатын 5 жаңа мектеп («Теректі», «Самғау», «Қарасу», «Ақбұлақ» және «Айгерімде») ашылды.

Сонымен қатар, «Алғабас» пен «Ғажайыпта» 3200 орынға арналған 2000 және 1200 орынды екі мектептің құрылысы

жалғасып жатыр. Биыл жыл соңында аяқталып қалуы керек. «Зерделіде» де 550 орынды мектеп салынып бітіп қалды. Ол келер жылдың ақпанында пайдалануға беріледі.

Халық саулығына кепілдік

Ауданда медициналық нысандар да бой көтеруде. Мәселен, «Теректі» ықшам-ауданында 7000 тұрғынға арналған емхана ашылды.

Биылғы наурызда «Қарасуда» ауысымына 200 адам қабылдай алатын алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету орталығы пайдалануға берілді. Дәл осындай тағы бір орталық «Саялыда» салынып жатыр. Оны биылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫНЫҢ ДАМУ ДИНАМИКАСЫ

10 айда 145,2 млрд. теңге инвестиция тартылды

Білім беру инфрақұрылымы қарқынды кеңейді

Халық санының артуына байланысты Наурызбай ауданында білім нысандарының құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Биыл ауданда жалпы 5,5 мың оқушыға арналған үш жаңа мектеп ашылды. Олар «Нұрлы дала» тұрғын үй кешенінде, Сәбденов көшесінде және «Құрамыс» шағынауданында орналасқан. Келер жылы «Алем City» мен «Алма сити-3» тұрғын үй кешенінің жанында 1200 орынды екі мектеп және №174 мектепке қосымша ғимарат пайдалануға беріледі. Сонымен қатар, 2025 жылы 340 орынды жатақханасы бар №15 мектеп-интернаттың құрылысы аяқталады. Бүгінде ауданда 6 мемлекеттік және 162 жекеменшік балабақшада 11 мың бала тәрбиеленіп жатыр. Биылғы қыркүйекте «Шұғыла» шағынауданында 320 орынды жаңа балабақша ашылды. Жыл соңына дейін тағы екі балабақша іске қосылады, ал 2026 жылы «Қалқаман» шағынауданында 240 орынды жаңа нысан ашылмақ. Осылайша мектепке дейінгі орын саны 880-ге артады.

Медицина мен әлеуметтік сала

Наурызбай ауданында денсаулық сақтау инфрақұрылымын нығайту белсенді жүріп жатыр. Қазір 13 медициналық ұйым бар, онда 5 мыңнан астам маман жұмыс істейді. «Құрамыс» шағынауданында құны 8,9 млрд. теңге болатын емхана құрылысы жүріп жатыр. Емхана тәулігіне 500 адамға қызмет көрсетеді және 2026 жылдың маусымында пайдалануға беріледі. Сонымен қатар, «Шұғыла» шағынауданында тағы бір жаңа емхана салынып, келер жылдың қыркүйегінде аяқталады. «Ақжар» мен «Тастыбұлақ» шағынаудандарында ауысымына 200 адам қабылдайтын екі амбулатория салуға дайындық басталды. №7 қалалық клиникалық аурухананың инфрақұрылымын жаңарту жобасы қолға алынған, ал №1 аурухананы қайта жаңарту 2026 жылдың наурызына жоспарланған. Дене шынықтыру саласында да ілгерілеу бар – үш бірдей спорт кешені салынуда, екеуі «Шұғыла», біреуі «Ақжар» шағынауданында орналасады.

Әлеуметтік қолдау және жұмыспен қамту

Аудан тұрғындарына көрсетілетін әлеуметтік қолдау

Алда екі үлкен стационар салу да жоспарланған: 300 төсектік көпсалалы ересектер ауруханасы және 200 төсектік перинаталдық орталық. Әкімнің айтуынша, медициналық нысандар желісін дамыту тұрғындардың сапалы қызмет алуына және қолданыстағы мекемелерге түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік бермек.

Әлеуметтің әлеуеті әркез назарда

Аудан әкімі Данияр Қырықбаев әлеуметтік бастамалар бойынша да есеп беріп, халыққа көрсетіліп жатқан қолдау мен қолданыстағы бағдарламалардың тиімділігін атап өтті.

Оның айтуынша, ауданда түрлі санаттағы тұрғындарды қамтитын «Бақытты отбасы», «Белсенді ұзақ өмір сүру», «Тең қоғам», «Шыңға өрлеу» сынды әлеуметтік жобалар табысты жұмыс істеп тұр.

Жыл басынан бері ауданда 19 мың адам бір реттік әлеуметтік көмек алған; 564 отбасы атаулы әлеуметтік көмекпен қамтылған; 127 отбасы тұрғын үй көмегін алған; 248 зейнеткерге шипажайға баруына жолдама берілген.

Қоршаған орта көптің қорғауында

Данияр Қырықбаев «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясының да ауданға берері мол екенін атап өтті. Әкімнің айтуынша, аудан аумағы 16 секторға бөлінген, онда санитарлық тазарту мен қалалық сенбілік жүйелі түрде өтіп тұрады.

Биыл 88 сенбілік ұйымдастырылып, оған ауданның 70 мыңнан астам тұрғыны қатысқан. Данияр Қырықбаев экологиялық акцияның ауданның дамуы мен тазалығына тұрғындарды жұмылдыратын маңызды бастамаға айналғанын, халықтың оған белсене қатысып, әркім оған өзінше үлес қосып жатқанын баса айтып өтті.



Наурызбай ауданы әлеуметтік-экономикалық дамудың айтарлықтай серпінімен ерекшеленді. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте аудан әкімі Назира Тоғызбаева он айдың қорытындысы бойынша негізгі көрсеткіштерді баяндады.

А

Ернұр РЫСБАЙ

Инвестиция өсімі мен экономикалық белсенділік

Назира Тоғызбаеваның айтуынша, ауданға биыл 145,2 млрд. теңгеге көлемінде инвестиция тартылып, өткен жылмен салыстырғанда, 49%-ға артқан. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 197 млрд. теңгеге жеткізу жоспарланған. Оның ішінде 150 млрд. теңге құрылысқа, 47 млрд. теңге сауда мен өндіріс секторына бағытталады. Қазіргі уақытта Наурызбай ауданында 32 мыңға жуық шағын және орта бизнес субъектісі тіркелген. Олардан түскен салық түсімі 33%-ға өсіп, 49,6 млрд. теңгені құрады. Соның нәтижесінде 7 мың жаңа жұмыс орны ашылды. Бюджет көлемі де айтарлықтай ұлғайды: 2024 жылы 18 млрд. теңге болған аудандық бюджет биыл 29,7 млрд. теңгеге жетіп, 40%-ға артты.



ТЕЛЕФОНҒА ТЫЙЫМ

Балалар қауіпсіздігіне бағытталған қадам

Қазіргі уақытта мектептерде балалардың ұялы телефондарды қолдануы мен олардың оқу процесіне әсері туралы талқылау көп. Әлеуметтік желілер, ойындар, хабарламалар мен түрлі қосымшалар – барлығы бала үшін үлкен алаңдаушылық көзіне айналды. Сол себепті, мектептерде оқушылардың телефонын пайдалануға қатысты жаңа ережелер мен шектеулер енгізілді. Қазақстанда енді балалары мектепте телефон қолданғаны үшін ата-аналар айыппұл арқалайды.



Дана
САДЫРҚАН

Мектептерде оқушылардың ұялы телефон қолдануына байланысты енгізілген жаңа шектеулер – Алматы қаласының қауіпсіздік саясаты аясындағы өзекті шаралардың бірі. Балалардың психологиялық саулығы, оқу процесінің тиімділігі және киберқауіпсіздігі қазір қала мектептері үшін негізгі басымдыққа айналып отыр. Телефон арқылы таралатын ақпараттың бақылаусыздығы, кибербуллинг, әлеуметтік желідегі тәуекелдер мен балалардың тәртіптік әдеттеріндегі өзгерістер мегаполистің жалпы қоғамдық қауіпсіздігіне де ықпал ететін факторлар саналады.

Алматы қаласының қауіпсіздік саясаты – тек полицияның жұмысы немесе төтенше жағдай қызметінің ісі емес. Бұл – қоғамның амандығы үшін ортақ қадам. Қала мектептерінде телефондарды жинап қою, цифрлық тәуелділіктің алдын алу, киберқауіптер жөніндегі түсіндіру жұмыстары – мегаполистің тыныштығын бекемдейтін, ұрпақтың тәрбиесін түзей түсетін шаралар.

Білім ордалары бұл шараны білім алушылардың назарын тек оқу процесіне аудару және олардың оқу үлгерімін жақсарту үшін енгізді. Телефонның оқушының назарын ауытқытып, оқу процесіне кедергі келтіретіні белгілі. Сонымен қатар, телефон арқылы әлеуметтік желілерде уақыт өткізу мен ойындарға кірісу – балалардың психоэмоционалдық жағдайына да әсер етеді. «Білім туралы заңда оқу процесінде ұялы телефон қолдануға болмайтыны жазылған. Жауапкершілік ата-анаға жүктеледі. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің шеңберінде бұл – 409-бап. Бұл жағдай бірінші рет болып жатса, ескерту жасалады, қайталанған жағдайда айыппұл қарастырылады», – деді Оқу-ағарту вице министрі Майра Мелдебекова. Шенеуніктің айтуынша, ата-аналарға 5 айлық есептік көрсеткішке дейін (19 660) айыппұл салынуы мүмкін.

Заңды енгізудің артықшылықтары

Қоғамда білім беру жүйесіндегі мәселелер қаржыландыру, оқулықтардағы олқылықтар, мұғалімдердің біліктілігі туралы талқыланып жатса да, мектептердегі тәртіп пен оқушылардың мінез-құлқы назардан тыс қалады. Бұл



Qazdauiri.kz

жаңа заңды осы тәртіпті қайта орнатуға арналған алғашқы қадам деп айтуға болады. Әрине, әлеуметтік тұрғыдан бұл заңның енгізілуі кейбір әлеуметтік топтар үшін қиындықтар тудыруы мүмкін.

Қазіргі заманның басты ерекшелігі – технологияның жылдам дамуы мен оның балалардың өміріне терең енуі. Ұялы телефондар мен өзге де электрондық құрылғылар бүгінде еңбектеген бала мен еңкейген қарттың күнделікті өміріндегі ажырамас бөлшегіне айналғандай. Бір жағынан, телефон – бұл коммуникация құралы, ақпарат алмасу және оқуға қажетті ресурстарды іздеу үшін пайдалы болатыны белгілі. Бірақ екінші жағынан, әлеуметтік желілер, ойындар мен басқа да бағдарламаларға жас буынның жан-тәнімен беріліп кетуі үлкен алаңдаушылық тудырады. Оның үстіне сабақ уақытында телефон қолданған оқушы назарын көбінесе оқу материалдарына емес, ойындар мен хабарламаларға бөледі. Әсіресе, әлеуметтік желілерде көп уақыт өткізу бала психологиясына теріс ықпал етіп, өзін-өзі бағалау мен эмоционалдық тұрақтылықтың төмендеуіне, тәртіпсіздікке әкеп соғуы мүмкін.

Сондықтан заңның басты артықшылығы – мектептегі оқу сапасын жақсарту және балалардың оқу үлгерімін арттыруға ықпал ету. Сабақ кезінде қолдан түспейтін телефон оқушының психологиялық жағдайына да әсер етеді. Себебі, үнемі әлеуметтік желілер мен интернетке кіріп, тәуелді болған баланың назарын аудару өте қиын. Енгізілген жаңа ережеден кейін оқушылардың білімге алуға құштарлықтары оянып, өздеріне берілген уақытты тиімді пайдаланады деген үміт көп.

Ата-аналар үшін жауапкершілік

Айыппұлдың енгізілуін тек жазалау құралы деп түсіну дұрыс емес. Өйткені, мектептерде телефон қолдануға қатысты енгізілген жаңа ережелер ата-аналардың да жауапкершілігін арттырып, балалары мен оқу процесін бақылауды күшейтеді. Қазіргі кезде ата-аналар балаларының оқуын қадағалауда жеткіліксіз көңіл бөледі. Ал бала мектепте телефон ұстағаны үшін әкесі мен анасына айыппұл салынса, жауапкершілік те күшейеді. Кейбір ата-

аналар телефонды балалары үшін байланыс жасау құралы ретінде қарастырып, оның оқу процесіне кері әсерін байқамауы мүмкін. Білім беру саласындағы тәртіп тек айыппұл мен жазалау әдісіне ғана сүйенбеу керек. Оқу орындарында оқушыларға дұрыс бағыт-бағдар беру, тәртіпті түсіндіру және өзара құрмет пен жауапкершілік негізіндегі байланыстарды нығайту аса маңызды.

Тәртіп әлем елдерінде қалай?

■ **Францияда 2018 жылдан бері мектеп қабырғасында гаджеттерді қолдануға тыйым салынған. Оқушылар телефон, «ақылды» сағат пен планшеттерді білім беру мекемесіне кіргенде бірден шкафқа салып кету керек.**

■ **Ал Грекияда балалар телефондарын сөмкесінен шығармауы керек.**

Ережеге бағынбағандар бір күнге сабақтан шеттетіледі. Бұл жергілікті білім беру министрлігінің кибербуллингпен күрес саясатының бір бөлігі. 2024 жылы көктемде мұнда сыныптас-тарын суретке не видеоға түсіріп, оны мазақ етіп ғаламторға жүктеген оқушыны мектептен шығару туралы ереже күшіне енген.

■ **АҚШ-тың 14 штатында мектепте телефон қолдануға қатысты шектеу бар. Калифорния губернаторының да мектептерде смартфондарды қолдануға тыйым салатын заңға қол қойғаны белгілі. Оған 6 млн. оқушы бағынады. Білік басындағылар шектеудің тек телефонға қатысты екенін айтты.**

■ **Қытайда ұялы телефонды тек сыныпқа емес, жалпы мектепке алып келуге болмайды. Оқушы өзімен бірге телефон алып жүруі үшін ата-аналар өтініш жазуы қажет. Дегенмен, оқушы бәрібір сабақ кезінде телефонын сақтауға арналған орынға қалдырып кетуі тиіс. Мұғалімдерге де үй жұмысын телефон арқылы жіберіп, оқушыдан тапсырманы телефон арқылы орындауын талап етуіне тыйым салынған.**

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әлия ОСПАНҚЫЗЫ, №202 мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі:

Телефон – оқушының көмекші құралы

9–11-сынып оқушыларына сабақ беремін. Бүгінгі бала – ертеңгі болашақ.

Мұғалімдердің де, ата-аналардың да басым бөлігінің уайымы – цифрлы құрылғының балалардың өміріне әсер ететіні. «Таяқтың екі ұшы бар» дегендей, бұл құрылғының да екі жағы бар, мұғалім ретінде цифрлы құрылғымен жұмыс істеген жеңіл, әрі жылдам дегім келеді. Оқушылардың сабақ үстінде телефонды мұғалім нұсқауымен ұстауына қарсылығым жоқ, себебі көрсетілген тапсырмаларды жылдам орындауға көмегі зор. Ал сабақ үстінде де ойынды жалғастырып (себебі, түнімен таңға дейін ойын ойнап келетін балалар саны көп), ТикТок, Ютуб секілді арналардан пайдасы жоқ ермекті көріп отыруға қарсымын.

Балалардың бойында чатджи-питиді қолдану әдеті қалыптаспаған, орнына біреу жазып, дайындап беріп отырғандай қабылдайды, бұл – қоғам болып күресетін шындық. Академиялық адалдықты үйретіп, бала бойына құндылықтарды сіңіре отырып құрылғыны дұрыс пайдаланудың оқушыға берері мол. Жаһандық дамудағы цифрлық технологияның өмірімізді жеңілдеткені жақсы, бірақ ол жүрек пен сезімнің ролін атқармауы керек. Бәрінің ебін тауып, оң шешімін шығаруға болады. Құлақ тыныштығы үшін баланы бақылаусыз қалдыру ертең үлкен кеселге әкелуі мүмкін екенін ата-аналар ұғынуы керек. Біздің мектепте толықтай цифрлы құрылғылар орнатылған, кабинеттер цифрлы тұрғыда жабдықталған, біз ЖИ-ді бағдарламаға енгізіп, сабақ уақытында қажеттілікке қарай балаларға телефонды қолдануға рұқсат береміз.

Рашида БАЙМҰРАТОВА, ата-ана:

Айыппұл салуды құптамаймын

Оқушы мектепке телефон апаруы керек. Себебі, үйдегі ата-анасымен хабарласып, жағдайын баяндап, хабардар етіп отырғаны дұрыс. Мектепте сынып жетекші ұялы телефондарды жинап алып, әр баланың жеке ұяшықтарына салып қояды. Сабақ аяқталғанда оқушыларға қайтарып береді.

Сабақта отырғанда ұялы телефон оқушы қолында болмағанын дұрыс деп санаймын. Өйткені, балаларымыз мектепке сабақ оқып, білім алу үшін барады. Ал енді айыппұл салуды құп көрмеймін. Өйткені, елімізде әртүрлі әлеуметтік топтар бар: біреуі көпбалалы, біреуі жалғызбасты ана, жалғызбасты әке болуы мүмкін. Жауаптылар мектепке барып, түсіндірме жұмыстарын жүргізу қажет деп ойлаймын.



ҚОРҒАНЫС

ШЕПТЕГІ КҮЗЕТ – ШЕКСІЗ ІЗЕТ

Ел шебін 20 мың әскери күзетіп тұр

331 құқықбұзушылық анықталды

5 азаматқа қылмыстық іс қозғалды

365 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды

ШЕКАРАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР

Қазақ–қытай және қазақ–қырғыз шекарасында 10-ға жуық операция мен жедел профилактикалық іс-шара өткізу нәтижесінде

165 құқықбұзушылық фактісі тіркелді

Ауыл тұрғындарынан құралған топтардың көмегімен

44 шекара режимін бұзушы ұсталды



ШЕКАРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ ПУНКТТЕРІ:

«Қалжат» (Қазақ–Қытай шекарасы)
«Кеген» (Қазақ–Қырғыз шекарасы)

Жыл басынан бері:

300 000 -ға

жуық жолаушы өтті

115 256

техникалық құрал (көлік) тексерілді

60

адам келу тәртібін бұзғаны үшін ұсталды

189

дерек заңсыз тауар өткізуге байланысты тіркелді

Ақпарат көзі: Алматы облысы ҰҚК Шекара қызметі департаменті

Заң бұзғандарға тиісті шаралар қолданылады немесе өз мемлекетіне қайтарылады.

ҚАТАҢ СҮЗГІДЕН ӨТЕДІ

Отан алдындағы борышын өтегісі келетін жастар арасында шекара қызметіне қызығушылық жоғары. «Келгісі келетіндер көп. Бірақ ІІМ-нің тексерісі өте қатаң, көбі тексерістен өте алмай қалады», – деді ол.

Шекара қызметіне алу үшін тексерістің қалай жүргізілетінін де түсіндірді. Зерттеу әдетте шақыру науқаны басталмай тұрып, екі ай бұрын жүргізіледі. Мысалы, көктемгі шақыру наурызда басталса, шекара қызметі зерттеуді қаңтарда бастайды.

«Алдымен үміткерлер психологиялық зерттеуден өтеді. Одан кейін полиграфологиялық тексеріс жүргізіледі. Полиграфта ойынқұмарлыққа, нашақорлыққа, ішімдік-

ке әуестік бар ма, жоқ па, қылмыс жасаған жасамағаны тексеріледі. Тіпті, туыстары да зерттеуден өтеді. Келесі кезең – арнайы тексеріс. Бұл – комитеттің ақпараттық базалары арқылы жүргізілетін жан-жақты тексеру. Үміткердің өзі және бүкіл туған-туыстары қаралады. Қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылған тартылмағаны тексеріледі. Осындай қатаң тексерістен өткендерді ғана қызметке қабылдаймыз», – деп түсіндірді.

Полковниктің айтуынша, шекарашыға қойылатын қатаң талапқа қарамастан, қызмет еткісі келетіндер өте көп. Өйткені, мемлекеттік шекарада жүру – әркімге бұйырмайтын бақыт. Мерзімді қызметтегі сарбаздар шекараға екі-үш адам болып шығып, кез келген жағдайда шешімді өздері қабылдауы тиіс.

ЖИ: БАҚЫЛАУ БҰРЫНҒЫДАН ДА ЖЕҢІЛДЕЙ ТҮСТІ

Қазір мемлекеттік шекара қауіпсіздігін күшейту бағытында бірқатар жаңа бастамалар енгізіліп жатыр. Әсіресе, жасанды интеллектті қолдануға ерекше назар аударып отыр.

«Жасанды интеллект негізінде бақылау жүйелері арқылы шекарашылардың жұмысы біраз жеңілдеді. Мемлекеттік шекараны күзету тәсілдері де жаңарып жатыр. Біз шекараның маңызды учаскелеріне камералар орнатып жатырмыз. Бұл камералар түнде, күндіз, инфрақызыл режимде жұмыс істеп, кез келген қозғалысты анықтай алады. Бақылау жүйесі арқылы бізге кез келген учаскеден қауіп туралы ақпарат келіп түседі. Сол жерге дереу техника жібереміз. Бұл құралдар адамның қай уақытта, қай бағыттан өткенін дәл көрсетеді», – деді полковник.

Шекара қызметі квадрокоптерлерді де белсенді қолданып отыр. «Квадрокоптерлер үш-төрт сағатқа дейін үздіксіз ұша алады. Таулы, қолжетімсіз аймақтарды бақылауға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, шекарада әкімдік көмегімен бақылау бекеттері орнатылған. «Контейнерлік үлгідегі бақылау бекеттерін қойдық. Мысалы, застава бір жерде тұрса, ал шекара сызығы жүз шақырымға созылып жатады. Сол аралықта қосымша бекеттер орналастырылады. Олар ішкі аймаққа қарай қойылады. Әр бекетте қызметкерлер он күн жұмыс істейді. Қару сақтайтын жері, демалатын орындары бар. Бұл бекеттерді әкімшілік бізге жасап берді», – деді спикер.

Ақжол Бікеннің шекарашы болғанына жеті жылдан асты. Қазір шекарадағы байланысты қамтамасыз ету тобында қызмет етіп жүр. Аға офицер қысқа мерзімде сенімді ақтады, шыңдалды. Арманы мен антына адал шекарашы ел сеніміне селкеу түсірмеді. Қазір шегенделген шекараны күзеткен қырағы сарбаз. Тіпті, биыл жазда ол қазақ-қырғыз мемлекеттік шекарасынан заңсыз өтпек болған Қырғызстан азаматын ұстаған.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.



СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ ЖОҒАРЫ АЙМАҚ

Полковник Серік Төлеухановтың айтуынша, Қазақстанның мемлекеттік шекарасын қорғау – Қарулы күштердің маңызды бағыттарының бірі, елдің қауіпсіздігіне жауапты негізгі құрылым. Алматы облысы Қазақстанның қауіпсіздік және қорғаныс стратегиясында ерекше орын алады. Тарихи тұрғыдан алғанда да бұл өңірдің маңызы зор. Қазақ-жоңғар соғысы кезеңінде шекара дәл осы аймақ арқылы бекітілген. Бүгінде үш мемлекеттің – Қазақстан, Қытай және Қырғызстан – шекарасы түйсетін стратегиялық маңызы жоғары нүкте де осы өңірде орналасқан.



«Шекара қызметінің басты міндеті – мемлекеттік шекараны қорғау және күзету. Қазақстан аумағына рұқсаты жоқ адамдарды кіргізбеу, заңға қайшы заттардың тасымалдануына жол бермеу – қызметтің негізгі бағдары. Оның ішінде есірткі заттары, қару-жарақ, тыйым салынған тауарлар және өзге де заңсыз жүктердің өтуіне тосқауыл қою бар. Ал Алматы облысы бойынша департамент осы өңірдегі мемлекеттік шекара қауіпсіздігіне жауап береді. Облыс аумағында екі шекара басқармасы бар. Райымбек шекара басқармасы және Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасы. Қытай Халық Республикасы мен Қырғыз Республикасының шекарасын күзетеді. Құрамында жыйрмадан астам құрылымдық бөлімше бар. Сондай-ақ, екі бақылау-өткізу пункті жұмыс істейді. Олар – Қытаймен шектесетін «Қалжат» және Қырғызстанмен шектесетін «Кеген» өткізу бекеттері. Екі нысан да халықаралық мәртебеге ие», – дейді ол.

Шекара шебінде жиі кездесетін құқықбұзушылық түрлері – құжатсыз жүру, шекаралық аймаққа рұқсатсыз кіру, мерзімі өткен құжаттармен өтуге тырысу. Қылмыстық жауапкершілікке тартылған немесе айыппұлдары бар шетел азаматтарына шекарадан өтуге тыйым салынған.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Ақжол ОТАНБАХЫТҰЛЫ, шекарашы:

БАЛА АРМАНЫМ ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНЕ АЛЫП КЕЛДІ

Әскери салада қызмет ету менің бала кезден бергі арманым еді. Бауыржан Момышұлының Отанға деген сүйіспеншілігі мен әскери үлгісі осы жолды таңдауыма себеп болды. Мен шекара қызметімен алғаш 2017-2018 жылдары мерзімді әскери борышымды өтеп жүрген кезде таныстым. 2020 жылы келісімшартпен қайта қызметке кірдім. 2024 жылы алты айлық қайта даярлау курсынан өтіп, офицерлік оқуды аяқтап, сәуір айында лейтенант атағын алдым. Жалпы, шекарада жүргеніме шамамен жеті жыл болды. Қазір Қарасай шекара басқармасында байланыс қамтамасыз ету тобының аға офицерімін. Негізгі міндетім – әр бөлімше мен шекара нарядтарының үздіксіз, тәулік бойы байланыста болуын қамтамасыз ету. Шекара қызметінде байланыссыз жұмыс істеу мүмкін емес.

26 шілдеде 00.00–04.00 аралығында Жамбыл шекара бөлімшесінің аумағында барлау-іздістіру тобын басқаруға жіберді. Қызметтен қайтып келе жатқанда шекара қоршауының бұзылғанын байқадым. Мал өтті ме, әлде біреу әдейі бұзды ма белгісіз. Сағат 08.00-де шекаралық нарядты зақымдалған қоршауды қалпына келтіру үшін жібердім. Шамамен, 30 минуттан кейін іштей бірдеңе сезіп, қатардағы Мейраммен бірге шолғыншы шекара нарядына шықтық. Жақын маңнан мал не жануар байқамадық. Айналаға дүрбі салып, мұқият қарап шықтық. Көп ұзамай, шекаралық қоршауға жақын маңда жүрген салт атты адамды байқап қалдық. Жүрісі күдікті еді. Тыйым салынған шекаралық аймаққа атпен кіріп, қоршауға жақын жерде жүрген. Соған қарағанда, өзі бұзған шекаралық қоршау арқылы кері өткісі келген. Бірақ алдынан сарбаздар, артынан біз барып, артық қимыл жасауға мүмкіндік бермедік. Бұл Қырғызстанмен шекаралас аймақ еді. Құжаттарын тексергенімізде, оның Қырғызстан азаматы екені анықталды. Не үшін өтпек болғанын нақты айта алмады. Біресе мал іздедім деді, бірде жай өткім келді деді. Оны постқа жеткізіп, тиісті орындарға тапсырдым. Жеті жылдық қызметімде мұндай жағдай бірінші рет болды.

Шекарашы болу үшін ең алдымен тәртіп, жауапкершілік, кез келген жағдайда жылдам шешім қабылдай алу маңызды. Психологиялық әрі физикалық тұрғыдан мықты болу керек.

Мен үшін шекара – мемлекеттің қауіпсіздік қақпасы. Сол қақпаны күзету – үлкен жауапкершілік әрі мәртебе. Өз қызметімді жақсы көремін және бұл жолды таңдағаным ешқашан өкінген емеспін.



АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС

«ЖАС ҚҰТҚАРУШЫ»

әскери-патриоттық клубы ашылды



Суретті түсірген автор

Наурызбай ауданындағы №187 жалпы білім беретін мектепте «Жас құтқарушылар» клубы ашылды. Айтулы іс-шара Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың 100 жылдығы мен Тәуелсіздік күні мерекесіне арналды. Сондай-ақ, бұл игі бастама Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі, Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің Наурызбай ауданы Төтенше жағдайлар басқармасының тікелей қолдауымен жүзеге асып отыр.



Рая
ЕСКЕНДІР

Салтанатты жиынды ашқан №187 мектебінің директоры Риза Мырзаханова аталмыш клубтың басты міндетіне тоқталды:

– «Жас құтқарушылар» клубын ашудағы басты мақсатымыз – өскелең ұрпақтың өмір қауіпсіздігін сақтау. Мектеп оқушыларының төтенше жағдайларда әрекет ету дағдыларын дамытып, алғашқы медициналық көмек көрсету, өрт

қауіпсіздігі ережелерін сақтау сияқты дағдыларға баулуды мақсат етіп отырмыз. Сонымен қатар, клуб оқушыларға азаматтық қорғаныс негіздерін үйретіп, қауіпсіздік ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастырады. Оқушылардың қауіпсіздік мәдениетін насихаттау арқылы мектеп пен қоғамда жауапкершілікті арттырады деп сенеміз, – деді мектеп басшысы.

Іс-шараның құрметті қонағы, генерал-полковник Сәт Тоқпақбаев осынау іс-шара жас ұрпақ бойына патриоттық рухты сіңіріп, батылдық пен Отанға адал қызмет ету сезімін оятатынын тілге тиек етті. Оларға үлкен сенім білдіріп, Тәуелсіздікті қадірлеп сақтай білуге шақырды. Алғаш рет «Жас құтқарушы» клубының мүшелері атанған 8-сынып оқушыларына куәлік тапсырды.

Қаһармандық дәстүрді жүрегімен де, тілегімен де дәріптеп келе жатқан жазушы Сәуле Досжан жас ұрпақты батылдыққа тәрбиелейтін клуб жұмысына табыс тілеп, мектеп кітапханасына өзінің «Біртуар» атты кітабын сыйға тартты. Наурызбай ауданы Төтенше жағдайлар басқармасы бастығының орынбасары, азаматтық қорғау майоры Ғалымжан Базылбековтың басшылығымен жүргізілген төтенше жағдайлар қызметкерлерінің оқу-жаттығу көрсетілімі де оқушыларға ерекше әсер сыйлады.

Іс-шарада сөз алған Наурызбай ауданы Төтенше жағдайлар басқармасының басшысы Ержан Құрмамбаев клубтың мәні мен жас сақшылардың алдағы міндеттері жайында баяндап, №187 мектеп пен Наурызбай ауданы Төтенше жағдайлар басқармасы арасындағы ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды. Жиын соңында жас құтқарушылар клуб жетекшісі Жеңіс Әбдрахмановтың басшылығымен оқу-жаттығу көрсетілімін ұсынды.

«ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП»

АҚЫЛМЕН ЖҮРГЕННІҢ АЯҒЫ ТАЙМАЙДЫ

Жастар үшін құқықтық семинар өтті



Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекеменің мамандары мен Туризм және қонақжайлық индустрия колледжінің өкілдері бірлесіп, «Заңға бағынған құл болмайды» деген тақырыпта семинар өткізді.



Нұржамал
ӘЛІШ

Оған №11 мекеменің, яғни балалар колониясының режим және күзет бөлімі, мекеме бастығының кезекші көмекшісі, әділет майоры Анар Мустафаев, Туризм және қонақжайлық индустрия колледжінің директоры Нұрдәулет Жабықбаев, Алмалы ауданының Ювеналды полиция полковнигі Қолқанат Аяғанов қатысты. Сондай-ақ, педагог-психологтар Эльмира Үсенқызы, Гүлнар Бексұлтанқызы, Алматы қалалық Психикалық денсаулық орталығының нарколог-дәрігері Анна Трубникова, Жастар денсаулық орталығын дамыту бойынша ресурстық орталығының клиникалық психологы Елена Акчаловалар жастардың қауіпсіздігі, алаңсыз өмір сүру үшін заңға да, тәртіп-

ке де бағыну тұрғысындағы ой-пікірлерін бөлісті.

Семинарда жасөспірімдер тарапынан жиі жасалатын құқық бұзушылығы туралы, жасөспірімдердің ауытқушылық және девиантты мінез-құлқының алдын

алу мәселелері талқыланды. «Есірткі және психотроптық заттарды таратқаны және пайдаланғаны үшін қылмыстық жауапкершілік» жайында да сөз қозғалды. Жасөспірімдердің психикалық денсаулығы, балаға зиян келтірмей қиын жағдайдан қалай шығуға болады деген тақырып төңірегінде де әңгіме қозғалды.

«Бұл басқосу Мемлекет басшысының елімізде «Заң және тәртіп» қағидатын біржола орнықтыру туралы тапсырмасына үн қосу мақсатында ұйымдастырылды. Иә, жастарға заң мен тәртіп туралы ұдайы әңгімелеп отырудың артықтығы жоқ. Қазір олардың осынау қызылды-жасылды өмірге құмартып жалындап тұрған шағы. Сондықтан құқықтық тәрбие олардың болашақта заң бұзбай, қылмысқа ұрынбай, жақсы өмір сүруіне, қоғамнан өз орнын табуына ықпал етері сөзсіз. «Дөңгелек үстел» басында жиналған мамандар өзекті мәселелерді талқылап, жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру және әділ және тұрақты қоғам құрудың негізі «Заң және тәртіп» екені айтылды», – дейді балалар колониясының тәрбие бөлімі қызметкері Еркегүл Жеңісхан.

ҚХА

МЕДИАТОРЛАР МИССИЯСЫ–

қоғамның татулығы мен келісімі

Миллиондаған адамның тағдыры тоғысқан Мәліп мегаполисте кикілжің болмай тұрмайды. Көршілер арасындағы түсініспеушілік, ата-аналар мен мектеп арасындағы келіспеушілік, жалға беруші мен жалға алушының таласы, тіпті компания қызметкерлері арасындағы пікір қайшылығы – бәрі де қала өмірінің картинасына сыйып жатыр.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Бірақ Алматыда жанжалды дау-дамайға ұластырмай, түсінісуге мүмкіндік беретін алаң бар. Ол – Қазақстан халқы Ассамблеясының Медиация кеңесі. Өңірлік коммуникациялар қызметінде медиаторлар алматылықтар жиі жүгінетін мәселелер туралы айтып берді.

«Халықаралық құқық қорғау орталығы» Медиация орталығының басшысы, «Қазақстан медиаторлар қауымдастығының» бас директоры Жәнділде Жақыпов «Медиатордың міндеті кінәлау емес, шешім табу дейді. Ол өзінің өмір жолында отбасылық келіспеушіліктен бастап ұйымдар арасындағы дау-дамайға дейінгі біраз іске араласыпты. Соның бәрінде медиатор тараптарды тыңдап, мәселені ың-шыңсыз шешуге көмектескен.

Кейінгі жылдары этномедиация бағыты Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысындағы басты бағыттардың біріне айналған. Бұл кездейсоқ емес: көпұлтты елде достықты, диалог пен келісімді нығайтуға АНК жауапты.

«Бұл – кәсіби әрі жүйелі түрде атқарылуы тиіс жұмыс. Бүгінде этномедиация Ассамблеяның басым бағыттарының бірі», – дейді Ж.Жақыпов.

Қазақстандық медиация моделі Түркияда танысты-



рылды. Жәнділде Жақыповтың айтуынша, қазақстандық этномедиация тәжірибесіне шетелде қызығушылық артып келеді.

«Өткен аптада Түркияға іссапарда біздің бейбіт шешім табу жүйемізді таныстырдым. Ердоған мырза түркітілдес медиаторлардың халықаралық ұйымын жарлықпен бекітті. Жоғарғы сот төрағасымен, бас прокурормен кездестік, біздің тәжірибеге олар қатты қызығып отыр», – дейді сарапшы.

Алматылықтар жиі жүгінетін мәселелер:

- отбасылық кикілжің;
- жалдау және мүлік дауы;
- тұрғындар арасындағы кикілжіңдер;
- мектептегі түсініспеушілік;
- еңбек даулары.

Көп жағдайла мұндай оқиғалар сотсыз, шығынсыз, қарым-қатынасты бұзбай, бейбіт аяқталып жатады.

«Медиация – бұл дұрыс немесе бұрыс деп табу емес. Бұл екі тарапқа келісуге мүмкіндік беру. Ең қиын дау да сотқа жетпей шешіліп кететінін көріп жүрміз. Мысалы, ұйғыр халқында ажырасу мен қарттарды қараусыз қалдыру деген мүлдем жоқ. Өйткені, дауларды қоғам ішіндегі медиаторлар, мәмілегерлер шешеді», – дейді «Қазақстандық орыс мәдени орталығы» ҚБ филиалының төрағасы Всеволод Лукашев.

Жәнділде Жақыповтың жетекшілігімен жастар тәрбиесі мен этносаралық негіздегі келіспеушіліктердің алдын алу бойынша Алматыдағы мектеп директорлары мен меңгерушілерге арналған бес күндік семинар өтіп жатыр. Биыл Медиация кеңесі 25-тен астам іс-шара өткізді, оның ішінде үш халықаралық «дөңгелек үстел» – жалпы саны шамамен, 1000 адамды қамтыған.

Филология ғылымының докторы, ҚР ҰҚК Академиясының профессоры Гүлнар Жұманова сөзінде: «Қыркүйек айында бес күндік кәсіби этномедиация семинарын ұйымдастырдық, этномәдени бірлестіктердің, білім басқармасының және дін басқармасының өкілдерін оқыттық. Қазір «Жас келіссөз шеберлері» атты студенттер арасындағы байқау жүріп жатыр. 13 желтоқсанда финалда командалар нақты жағдайларға негізделген рөлдік келіссөздер жүргізеді», – деді.

Барлық ауданда белсенді жұмыс жүріп жатыр. Медиация кеңесі Наурызбай ауданынан бастап Медеу ауданын қамти отырып, қаланың барлық бөлігінде жұмыс істейді.

«Кездесуге қаншама адам қатысып, мәселесін талқылап, сұрақ қойып, бір-бірін тыңдауды үйреніп жатыр. Соттаспай, жүйкені тоздырмай, дауды әп-сәтте шешуге болатынын білгенде бәрі таңқалады», – дейді медиаторлар.



ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨМІР

«СЕНІМ ДИАЛОГЫ»

Жасөспірімдердің қауіпсіздігін талқылады

Алатау ауданында мектеп оқушылары мемлекеттік қызмет өкілдерімен кездесті. Іс-шарада жасөспірімдерде жауапкершілік мінез-құлықты, тұрақты өмірлік бағдарларды және өз мүмкіндіктеріне сенімділікті қалыптастыруға бағытталған талқылау болды.

Нұрлан СҮЙІН

«Алатау» инновациялық шығармашылық орталығының алаңында 9–11-сыныптардан екі жүзден астам оқушы, мектеп қоғамдастықтарының белсенділері, билік, құқық қорғау органдары өкілдері және танымал спортшылар жиналды.

Іс-шараны Алатау ауданының әкімі Данияр Қырықбаев ашты. Құттықтау сөзінде ол өмірдегі құндылықтардың маңыздылығын, сол құндылықтарды игеру үшін білімге ұмтылу қажеттігін атап өтті.

Кездесуді ұйымдастырушы, Алатау ауданының жастар комьюнити-орталығының басшысы Орынбек Молдахан іс-шараның жасөспірімдер үшін маңыздылығын айтып кетті.

Бүгін біздің диалог алаңы жастарды әлеуметтендіруге бағытталған. Біз бозбалалардың өз күштерін дұрыс нәрселерге – спортқа, шығармашылыққа, өзін-өзі дамытуға жұмсағанын қалаймыз. Біздің барлық іс-шараларымыз тегін және аптасына бір рет өткізіміз, – деді ол.

Кездесуде Алматы Полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының өкілдері, аудан прокурорлары, сондай-ақ спортшылар мен қоғамдық көшбасшылар сөз сөйледі. Шақырылғандар арасында «Жаңа ұрпақ» республикалық көшбасшылық мектебінің негізін қалаушы Асхат Әбжанов, «Naiza» Қазақстан лигасының президенті Нұрбек Қарабала, сондай-ақ «Оқжетпес» футбол клубының бас бапкері Қайрат Нұрдаулетов бар.

Алматы қаласы Полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі Дәурен Көбеев жасөспірімдерге нашарлықтың алдын алу, есірткі қылмысы үшін жауапкершілік, заңнамадағы инновациялар, заңсыз схемаларға тарту тәуекелдері туралы егжей-тегжейлі айтып берді.

Бүгінде кәмелетке толмағандарды заңсыз әрекетке тартатын көптеген жасырын жарнамалар бар. Жастардың көпшілігі мұның заңсыз екенін түсінеді, бірақ оңай ақша іздейді. Біздің міндетіміз – мұндай жолдар әрқашан қылмыстық жауапкершілікпен аяқталатынын түсіндіру. Біз жастармен осындай кездесулерді күн сайын өткіземіз, – дейді полиция өкілі.

Алатау ауданы прокуратурасының аға прокуроры Қуаныш Әбілмәжінова жасөспірімдерге жауапкершіліктің барлық түрлері мен заңның жаңа нормалары туралы ақпарат беріп, баяндама жасады. Ол сондай-ақ ата-анасының жауапкершілігін еске салды.

Қазақстанда түрлі құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік, қылмыстық және материалдық жауапкершілік қарастырылған. Жауапкершілік 14 жастан бастап туындауы мүмкін – кісі өлтіру, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, зорлау және т.б. Биыл кәмелетке толмаған балалары сағат 23.00-ден кейін қоғамдық орындарда заңды өкілсіз болғаны үшін 400 ата-ана тартылғанын атап өтеміз. Мұндай әрекеттер ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 127-бабына сәйкес жіктеледі. Қайта бұзу есепке

қоюға және жабық мектепке ауыстыруға әкеп соғады. Электр скутерлеріне келетін болсақ, жүріс бөлігімен жүруге жүргізуші куәлігі мен қорғаныс дулығы болған кезде 18 жастан бастап ғана рұқсат етіледі, бұл ретте сағатына 25 км-ден аспайтын жылдамдықпен жүруге болады. Біздің сөзіміздің мақсаты – жазалау емес, ескерту. Біз жастардың өз іс-әрекеттерінің салдарын түсінгенін қалаймыз, өйткені тіпті сабақты қарапайым түрде өткізіп жіберу мектеп оқушыларын девиантты мінез-құлқы бар балаларға арналған ұйымдарға ауыстыруға әкелуі мүмкін, бұл оларды шектейді, – деді прокуратура өкілі.

Бұдан кейін мектеп белсенділері, спорт өкілдері сөз сөйледі. Олар алға қойған мақсаттарға жету үшін ерік-жігердің, эрудицияның, өзін-өзі тәрбиелеудің және үлкен еңбектің маңыздылығын атап өтті.

Кездесу жасөспірімдердің үлкен қызығушылығын тудырды. Тоғызыншы сынып оқушысы Ерасыл Есімбай өз әсерімен бөлісті.

Маған іс-шара өте ұнады. Мен заң туралы, дұрыс жолды таңдау қаншалықты маңызды екендігі туралы көп нәрсе білдім. Спортпен шұғылданамын, оқығанды ұнатамын, уақытты босқа өткізбеуге тырысамын. Болашақта ата-аналарға көмектесу үшін бизнес ашқым келеді. Мұндай кездесулер алға ұмтылуға және мықты боп қалыптасуға жетелейді, – дейді оқушы.

Ұйымдастырушылар осындай іс-шаралар саналы да белсенді ұрпақтың қалыптастырудағы маңызды қадам болатынына сенімді.

«БОЛАШАҚ – СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ»

Оқушылардың шығармашылық байқауы өтті

Алматыдағы Оқушылар сара-айында «Адал ұрпақ» мектеп клубы мен «Саналы ұрпақ» жобасы көшбасшыларының слеті өтті. Іс-шара Қоғамдық даму басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында жүзеге асатын «Болашақ – сыбайлас жемқорлыққа қарсы» жобасы шеңберінде «Ақпараттық-ресурстық орталық» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өтті.

Рая ЕСКЕНДІР

Балаларға арналған сурет байқауы ретінде ұйымдастырылған жоба қаланың ең белсенді, адал әрі бастамашыл оқушыларын бір арнаға тоғыстырды. Қатысушылар өз жұмыстарында адалдық, әділдік және жауапкершілік құндылықтарын бейнеледі. «Адал ұрпақ» мектеп клубтары жастардың қоғамға бей-жай қарамайтынын айқын көрсетті.

Жобаның негізгі мақсаты – жас буынға адалдық қасиетін дарытып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетаным мен азаматтық жауапкершілік қалыптастыру. Бұл бір реттік іс-шара емес, бірнеше жыл



бойы жүзеге асып келе жатқан «Адал ұрпақ» және «Саналы ұрпақ» қозғалыстарының нәтижесі. Қозғалыстың басты ерекшелігі – балаларға құрғақ үгіт айту емес, жемқорлықтың зиянын түсіндіру және адал өмір салтының құндылығын жүрекке жеткізу. Сонымен қатар, іс-шара балалар мен жастар көшбасшылығын дамытуға, белсенді азаматтық позиция қалыптастыруға, клубтар арасындағы тәжірибе алмасуға бағытталды.

Ұйымдастырушылардың бірі Айдана Ақсатқызының айтуынша, байқауға қаладағы 127 мектептің оқушылары қатысып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын білдіретін 539 жұмыс ұсынған. Қорытынды бойынша 15 оқушы жеңімпаз атанып, әрқайсысы 50 000 теңге көлемінде

қаржылай сыйақы алды. Ал 17 оқушы 20 000 теңгелік ынталандыру сыйлығымен марапатталды.

Байқауға белсенді қатысып, шығармашылық қабілетін жоғары деңгейде көрсеткен оқушыларға Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Алматы қаласы бойынша департаменті басшысының орынбасары Шынарай Әлімханқызы, «Білім беруді басқарудың жаңа технологиялары» қалалық ғылыми-әдістемелік орталығы бөлім меңгерушісі Роза Ақмағамбетова, қоғам қайраткерлері Бахтияр Камалов пен Алтынай Көбеева, Алматы қаласы әкімінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшесі Айгүл Шөпшекбайқызы, Қазақстан франчайзинг қауымдастығының президенті, Еуразиялық қауымдастық президенті Бекнұр Кисиков арнайы сыйлықтар табыс етті.

Жиын аясындағы пленарлық сессияда жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы рөлі талқыланды. Сонымен бірге, белсенді оқушылар «Адал ұрпақ іс-әрекетте» атты бейнеролик түсірді. Іс-шара Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментімен бірлесіп жүзеге асырылды.



ҰЛТТЫҚ ЖОБА

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласында білім беру инфрақұрылымын жаңарту бойынша арнайы тапсырма бергені мәлім. Президент тапсырмасын жүзеге асыру және қаладағы білім беру инфрақұрылымын дамыту мақсатында «Келешек мектептері» ұлттық жобасы қаламызда сәтті жүзеге асып келеді. Қазір жоба аясында салынған жаңа үлгідегі білім ошақтары өз жұмысын бастады. Қалалық Білім басқармасы ұйымдастырған пресс-тур барысында журналистер №221, №222 және №220 мектептердің ішкі жүйесімен, жаңа инфрақұрылымымен танысып қайтты.

Ернұр
РЫСБАЙ

Білім басқармасының басшысы Сайран Сайфеденов бұл жобаның стратегиялық мәнін атап өтті.

– «Келешек мектептері» – интеллектуалды білім беру ортасын қалыптастырудың маңызды кезеңі. Бұл мектептерде балалар тек білім алмайды, олар сыни ойлап, шығармашылықпен жұмыс істеп, ХХІ ғасыр дағдыларын меңгереді, – деді басқарма басшысы.

ЗАМАНАУИ КЕҢІСТІК ЖӘНЕ
ТОЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Наурызбай ауданында орналасқан жаңа №221 мектептің архитектуралық шешімдері оқу процесіне қолайлы жағдай жасайды. Мектепте робототехника, STEM, физика, химия кабинеттері, төрт спорт залы, кең рекреациялар, үлкен акт залы және 700 орынды асхана бар.

– Мектебіміз республикадағы ең ірі білім беру ұйымдарының бірі. 2500 орынға арналған, қазіргі таңда 2200 оқушы оқуда. Ашылған күннен бастап жақын маңдағы мектептердегі орын тапшылығын азайтуға мүмкіндік туды. Барлық кабинеттер заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Балалардың қауіпсіздігі үшін 237 камера орнатылды, кіреберісте турникет жүйесі жұмыс істейді. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған алты санитарлық торап, сенсорлық және ресурстық кабинеттер жасақталған. Бір ауысымда оқып, түстен кейін би, шахмат, хореография, спорт секциялары сияқты үйірмелерге қатысады. Мектепте 157 жоғары білімді педагог қызмет етеді, – деді мектеп директоры Арнагүл Маликова.

ЖАҢА ФОРМАТ –
ЖАҢА ТЫНЫС

Алатау ауданындағы №222 мектеп «Адал азамат» концепциясымен безендірілген бірыңғай дизайн-кодымен, пәндік зертханаларымен және цифрлық ресурстар орталығына айналған кітапханасымен ерекшеленеді. Мектеп 13 блок-

тан тұрады және 2000 орынға арналған.

– Бұл мектеп Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес салынған ұлттық жобаның нәтижесі. Оқу процесінің тиімді ұйымдастырылуына барлық жағдай жасалған: төрт спорт залы, 96 оқу кабинеті, робототехника мен STEM зертханалары, дизайн және технология кабинеттері толық жабдықталған. Кітапхана үшінші қабаттағы тыныш аймақта орналасқан, бұл балалардың оқуға зейін қоюына мүмкіндік береді. Қазір 708 оқушы қабылданды, мектеп бір ауысымда жұмыс істейді. Жобалық қуаттылығы – 2000 оқушы, – деді мектеп директоры Ләззат Дәулетбек.

Алатау ауданы бойынша жаңа мектептердің ашылуы күрделі орын тапшылығын шешуге көмектесіп келеді.

– «Келешек мектептері» жобасы аясында Алматыда 34 800 орынға арналған 21 мектеп салынуда. Биыл 23 100 орынды 13 мектеп ашылды. Келер жылы 11 700 орынға арналған сегіз мектептің



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

құрылысы аяқталады. Алатау ауданында салынып жатқан жеті мектептің бесеуі іске қосылды, қалған екеуі келесі жылы пайдалануға беріледі. Қала бойынша орын тапшылығы 34 мыңнан асатын, бүгінде 27 мыңға түсті. Жаңа мектептер бұл мәселені айтарлықтай жеңілдетеді, – деді Алатау ауданы Білім бөлімінің басшысы Қарлығаш Меделбекқызы.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПЕН
ҒЫЛЫМ ТОҒЫСЫ

Медеу ауданындағы №220 мектепте қосымша білім беру бағыттары ерекше дамыған. Оқушылар домбыра, жетіген, сазсырнай аспаптарынан құралған оркестрде өнер көрсетеді. Робототехника сабағында дрондар мен роботтар жасайды. Оқушылар спорт секцияларында да белсенді.

– Медеу ауданында 29 білім беру ұйымында 31 мыңға жуық оқушы оқиды. Аудандағы 4600 орын тапшылығын жаңа мектеп айтарлықтай азайтты. №220 мектепке қазіргі кезде 856 оқушы қабылданды. «Келешек мектептерінің» басты артықшылығы – бір ауысымда оқу және екінші ауысымда үйірмелерге қатысу мүмкіндігі. Барлық кабинеттер жаңа технологиялармен жабдықталған. Баланың дамуы мен қауіпсіздігіне толық жағдай жасалған, – деді Медеу аудандық Білім бөлімінің басшысының орынбасары Ақмола Нұралиева.

«ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТА КЕЗДЕСЕЙІК»:



Алматы қаласындағы №224 мектепте ата-аналардың психологиялық мәдениетін арттыруға бағытталған ерекше іс-шара өтті. Жиынға мектеп әкімшілігі, педагогтар мен ата-аналар қатысты.

Дана
БОЛАТҚЫЗЫ

Арт-практикумның мақсаты – ата-ана мен мектеп арасындағы өзара серіктестікті нығайту, отбасылық қарым-қатынасты жақсарту және эмоционалдық денсаулықты қолдау. Сондай-ақ, ата-аналардың психологиялық сауаттылығын арттыру,

ата-аналарға
арналған
арт-практикум

өзін-өзі тану мен күйзелісті басқару әдістерін меңгерту көзделді.

– Арт-практикум шығармашылық іс-шарасына ата-аналар кеңесінің мүшелері қатысып отыр. Мектебіміз жаңадан ашылғандықтан, оқушыларымыз, ұстаздарымыз бен ата-аналарымызды бір-бірімен жақынырақ таныстыру мақсатында бас қосып отырмыз. Болашақта бәріміз біріге отырып, мектептің мәртебесін көтеру бағытында жұмыс істейміз. Басты міндет – «Ұстаз – оқушы – ата-ана» үштігін құру, – деді мектеп директоры Райза Ахметова.

Іс-шара бағдарламасы үш негізгі бағытты қамтыды. Психологиялық тренингте мектептің психолог мамандары ата-аналарға көңіл күйді басқару, ішкі күйді реттеу және өзара түсіністікке жету жолдарын түсіндіріп, тиімді коммуникация дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар жүргізді. Тренинг барысында қатысушылар түрлі өмірлік жағдаяттарды талқылап, баламен сөйлесудің жаңа тәсілдерін меңгерді. ART терапия бағытында кәсіби мамандар әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, шығармашылық арқылы ішкі сезімдерді бейнелеу мүмкіндігін қолдана алды. Ата-аналар бояу, коллаж, символдық сурет



Суреттерді түсірген автор.

салу секілді тәсілдермен өз көңіл күйін еркін жеткізді.

Іс-шара соңында мектеп оқушылары мен мұғалімдерінің дайындаған өнері көрермен назарына ұсынылды. Концерт ата-аналардың көңіл күйін көтеріп, жиында жылы атмосфера орнатты.

Ата-аналар қатарында арт-практикумға қатысқан ата-ана Лаура Жанатқызы мұндай шығармашылық жаттығулар олардың өз сезімдерін түсініп, балаларының эмоционалдық дамуын қолдауға мүмкіндік беретінін айтты. «Қыздарым осында білім

алады. Іс-шараға қатысқанымға қуаныштымын. Балаға біліммен қатар тәрбиені де беру аса маңызды. Арт-практикум – мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеретін, бір-бірін түсінуге және қолдауға бағытталған маңызды бастама, – деді ол.

Аталған білім ордасы бұл жобасы арқылы ата-аналардың психологиялық мәдениетін арттырып, отбасылық құндылықтардың мәнін ұғындырды әрі білім беру процесіне жақсы жағынан әсер ететінін көрсетті.

ЕРЛІК ПЕН ЕҢБЕК ТОҒЫСЫНДА

Радиация зардабымен күрескен дәрігермен сұхбат

Алматы қаласының денсаулық сақтау саласы өңірлер арасында жетекші орында. Мұнда өз ісіне адал, Гиппократ қағидасы мен кәсіби этиканы берік ұстанатын мамандар жеткілікті. Олар халыққа сапалы медициналық көмек көрсетумен қатар, ғылыми ізденістермен де айналысып, тәжірибесін жаңартып келеді. Солардың бірі – медицина ғылымының докторы, С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің профессоры Жангентхан Абылайұлы. Ол еліміздегі алғашқы эндокринологтардың бірі әрі Чернобыль апаты салдарын зерттеудегі еңбегімен ерекшеленеді. Профессор өзінің тәжірибесін азаматтарға тікелей көмек көрсетуге бағыттап, ғылым мен практика арасындағы алтын көпірді орнатқан. Жангентхан Абылайұлының ғылыми тәжірибесі жөнінде әңгімені назарларыңызға ұсынамыз.

Чернобыль апатынан кейінгі зардаптар

– Жангентхан Абылайұлы, Чернобыль апаты зардаптарын жоюға қатысқан азаматтардың денсаулығын қорғауда сіз ашқан зертхананың міндеті қандай болды?

– 1986 жылы сәуірде болған Чернобыль апаты бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Кеңес үкіметі кезінде Ресей, Беларусь және Украина елдеріне таралған радиациялық ластану адам өміріне зор қауіп төндірді. Сол апаттың салдарымен күресуге қатысқан Қазақстан азаматтары, оның ішінде мыңдаған қазақ, радиацияның әсерін өне бойымен сезінді. Сондықтан да Чернобыль апатына қатысқан адамдардың денсаулығын қорғау мақсатында қолға алынған зерттеулер мен медициналық шаралар бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ. Бұл апаттың салдарын залалсыздандыруға Қазақстаннан қатысқан 36 мыңға жуық адамның бүгінде санаулысының ғана көзі тірі. Бұрын қалыптасқан «қазақтар радиацияға төзімді» деген түсінік болды, ол мүлде қисынсыз желікпе әңгіме, өйткені радиация адамның ағзасына ұзақ уақыт бойы әсер етіп, денсаулыққа айтарлықтай зиян келтіреді. Чернобыль апатын жоюға қатысқан азаматтардың денсаулығын бақылау үшін мен арнайы зертхана аштым. Бұл зертхананың негізгі мақсаты – Чернобыль апатын жоюшылардың алған радиациялық дозасын анықтау және оларды медициналық тұрғыдан бақылауға алу болды. Жарылыс кезінде радиоактивті йод, цезий, стронций тәрізді заттар ауаға тарады. Бұл заттардың адам ағзасына әсері 30–50 жылға дейін сақталып, ішкі құрылыстың әртүрлі жүйелеріне зиян келтіреді.

– Апат зардаптарын медициналық зерттеуден қандай нәтижелер шықты?

– Чернобыль апатының зардаптарын зерттеу барысында мен Жапонияның Нагасаки қаласындағы Атом аурулары институтының ғалымы И.Секенемен таныстым. Радиациялық дозаны анықтау үшін бізге арнайы жабдық қажет болды, бірақ Қазақстанда мұндай құралдар болмады. Жапон ғалымдары бізге 10 миллион долларға арнайы жабдық әкеліп, оны таудағы госпи-

тальге орнатып берді. Бұл жабдық арқылы біз Чернобыль апатынан зардап шегушілердің бойындағы радиациялық дозаны дәл анықтадық.

Жапонияның Нагасаки қаласында Атом аурулары институтында тағылымдамадан өту кезінде профессор И.Секенемен бірге «Пострадиациялық сексуалдық патология» атты бірегей кітап шығардық. Радиациялық зерттеулерді анықтау кезінде профессорлар – Ямашито және Токамуруның еңбегі зор болды. Чернобыль апатының зардаптары ұзақ уақыт бойы зерттелді. Зерттеулер нәтижесінде радиацияның ер адамдардың жыныстық мүшелеріне зиянды әсері анықталды. Сонымен қатар, радиация сүйектерге еніп, кальцийді шығарып, оның орнын басады. Стронций, цезий бөлінген сайын сүйек құрылысы бұзыла бастайды. Бұл сүйек құрылысын бұзып, қан мен өкпеге де әсер етеді. Мұрын мен кеңірдек арқылы түскен радиация асқазан, жүрек ауруларын тудырып, жүйке жүйесіне зиян келтіреді. Сондықтан атом электр стансасы салу мәселесі әлі күнге дейін маңызды тақырып болып отыр.

Мерзімі біткен АЭС-ті дер кезінде жабу керек

– Қазақстанға АЭС салу бойынша референдумда халықтың басым бөлігі бұл бастаманы қолдады. Бұған сіздің көзқарасыңыз қандай?

– Кеңес үкіметі тұсында Үлкеннің аумағында салынбақ болған ең алғашқы жобаның медициналық экспертизасын мен жүргіздім. Экспертиза нәтижесінде бұл жобаға қарсы қол қойдым. Өйткені, аталған жұмыс – Красноярскінің ескі жобасы. Тек көшіріп әкеліп, бізге бере салған. Сол кезде Экология министрлігі де қарсы болды. Біріншіден, бұл уақытта ешкім референ-



дум жүргізген жоқ, халық өз пікірін білдірмеді. Екіншіден, бұл ескі технология болды. Жапониядағы Фукусима да бір күнде бұрқ ете қалған жоқ па?! Қазақстанға жаңадан салынайын деп жатқан АЭС-ке де кепілдік беру ешкімнің қолынан келмес. Әрине, елімізге АЭС қажет. Энергияның көзі арзан болады дейді. Мені толғандыратын бір нәрсе – атом электр стансасы ары кетсе 50 жыл ғана өмір сүреді. Тіпті, бір адамның да өміріне жетпейді. Мерзімі біткен соң АЭС-ты дер кезінде жабу керек, жаппаса салдары ауыр болады. Ал жабудың құны салудың құнынан қымбат шығуы мүмкін. Экономикалық тұрғыдан қан-

шалықты тиімді екенін экономистердің өздері бағамдар... Атом саласын игеруге мамандары қазірден бастап дайындау қажет. Қазақтың балалары дарынды, білімді, тек оларды ғылымға үйрету керек, үйренсе, бәрін игереді.

Эндокринологияның ашылмаған сыры көп

– Еліміздегі алғашқы эндокринологтардың бірісіз. Аталған медициналық бағытта қандай мәселелер бар?

– Медициналық жолым хирургиядан басталды, бастапқыда космодромда жұмыс істедім. Эндокринология менің заманымда жаңадан қалыптасып келе жатқан ғылым саласы еді. Болашағына қарап, бірден қызығушылығым оянды. Қазірдің өзінде диагноз қоюға күмәнданамын. Өйткені, эндокринологиялық аурулардың ашылмаған беттері әлі көп. Бұл мамандықта шәкірттерімді дайындауға көп көңіл бөлемін. Қалқанша безінің аурулары, қант диабетімен ауыратындар, жастардың арасында бала көтере алмау мәселелерімен алдыма келетін науқас көп болғандықтан, репродуктивті эндокринология бойынша шәкірттер тәрбиелеудемін. Бұл саладағы мамандар өте аз. Қазақстанда «Йод тапшылығының алдын алу» деген Заң бар. Кез келген ауруға заң бермейді. 12 мүшесі сау емес балалардың туатыны – осы заңды орындамау және халықтың білмеу себебінен. Әсіресе, жастардың дұрыс тамақтанбауы өзекті. Мәселен, Sosa cola сусынының сперманы өлтіретіні туралы деректер бар. Ал қант диабетін емдеу жолы бүгінде анықталған, емделіп те жүр. Бірақ дүние жүзі бойынша мұны тоқтатуға мүмкіндік болмай жатыр. Медицина саласында ақпараттану мәселесіне келгенде жасанды интеллектінің көп жеңілдігі бар.

– Денсаулық сақтау саласына не жетіспейді?

– Чернобыль апатының зардаптары ұзақ жылдар бойы адамзаттың денсаулығына әсер етті. Қазақстан ғалымдары мен дәрігерлерінің қосқан үлесі, оның ішінде экология және радиациялық зертханалар ашу, жасанды интеллектіні игеру сияқты мәселелер қазіргі уақытта үлкен маңызға ие. Өкініштісі, қазақ медицинасына эмпатия, адамды жақсы көру, ауруға сүйіспеншілікпен қарау жетіспейді. Болашақта денсаулық сақтау саласындағы жаңа технологиялар жастардың сауатты білім алуы мен ғылыми зерттеулеріне бағытталуы қажет. Сондай-ақ, экологиялық мәселелер мен атом саласындағы қауіптерге де назар аударылып, мамандарды даярлау жұмыстары жалғасуы тиіс.

– Әңгімеңізге көп рахмет! Білімді де білікті шәкірттеріңіз көп болсын!

Сұхбаттасқан
Дана САДЫРҚАН.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

- Адам өмірін сақтап, ғылымға өрнек қалдыру – екінің бірінің пешенесіне жазылмаған мәртебе. Медицина ғылымының докторы, профессор, еліміздегі алғашқы эндокринологтардың бірі Жангентхан Абылайұлы – осы биікке адал еңбегімен көтерілген дара жан. Қазалыда дүниеге келген жас Жангентханның ақ халатты абзал жандарға қызығушылығы әке арманы мен өсиетінен бастау алыпты. Жастайынан денсаулық сақтау саласына бет бұрған ол өз жолында еңбекқорлық пен ізденімпаздықтың арқасында Семей медицина институтынан Мәскеу университетіне дейін жетіп, үлкен ғылым жолында өз орнын тапты.
- Адамзаттың денсаулығын қорғау, аурулардың алдын алу және емдеу жолында саналы ғұмырын арнаған Жангентхан Абылайұлы, әсіресе, Чернобыль атом электр стансасының жарылуы секілді үлкен экологиялық апаттардың салдарын зерттеу ісінде де маңызды рөл атқарды. Оның ғылыми ізденістері мен тәжірибесі Қазақстандағы радиациялық қауіп-қатерді зерттеуге арналған алғашқы қадамдардың бірі болды.
- 1986 жылы 26 сәуірде Чернобыль апаты болғаннан кейін, көптеген адамның денсаулығына зиян келгені белгілі. Бұл кезеңде Жангентхан Абылайұлы жетекшілік еткен экология және радиациялық зертхана Чернобыль апатын жоюшылардың денсаулығын бақылауға бағытталған зерттеулермен айналысты. Жапон ғалымдарымен ынтымақтастық орнатып, арнайы құралдар арқылы радиациялық дозаларды өлшеу жұмыстарын жүргізіп, Чернобыльдің әсерін зерттеді. Бұл оның ғылымдағы маңызды қадамдарының бірі болды, себебі ол тек ғылымға емес, азаматтардың денсаулығына қатысты шынайы көмек көрсетті.
- Дәрігердің негізгі ғылыми еңбектері эндокринология, тирсоидология, лимфология, профпатология, радиациялық экология және медицина, экспериментология мәселелеріне арналған. 300-ден астам ғылыми еңбектің, оның ішінде 8 монография, 30 патенттің авторы. 4 ғылым докторы, 36 ғылым кандидатын, 2 PhD дайындаған.
- Марапаттары: ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі (1997), Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (2003), Қазалы ауданының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері (2025).



■ КОНФЕРЕНЦИЯ

Қант диабеті бүгінде әлем бойынша ең кең тараған созылмалы аурулардың бірі әрі жаһандық деңгейдегі өзекті проблема деуге болады. Бұл дерттің өршуі тек медицина қызметкерлерінің емес, тұтас қоғамның уайымына айналған.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Осыған орай Алматыда қант диабетіне қарсы күрестің Дүниежүзілік күніне арналған халықаралық конференция өтті. Жиынға дәрігерлер, ғалымдар мен қоғамдық ұйым өкілдері қатысып, қант диабетінің алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру және ерте диагностика жүргізу мәселелерін талқылап, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Мамандар аурудың өсу себептеріне тоқталып, халық арасында дұрыс тамақтану мен дене белсенділігін арттырудың

маңызын да ерекше атап өтті. Сонымен қатар, халықтың денсаулығын жақсартуға, аурудың таралуын тежеуге және қоғамның медицина мәдениетін арттыруға бағытталған бірқатар нақты ұсыныстар мен бастамалар ұсынылды.

Медицина ғылымының докторы, Эндокринология кафедрасының профессоры Жангентхан Абылайұлы өзінің конференцияның мақсатына тереңірек тоқталды. Ол шараның қант диабетімен күресудің тиімді жолдарын анықтап, осы саладағы халықаралық тәжірибемен бөлісуді мақсат еткенін жеткізді. Оның айтуынша, бүгінде Қазақстанда 525 мыңнан астам адам қант диабетімен есепте тұр. Бұл дерт жыл сайын шамамен, 7 пайызға өсіп

келеді. «Сондықтан медицина кадрларын үздіксіз даярлау – басты міндеттердің бірі. Осы бағытта Денсаулық сақтау министрлігі жыл сайын резиденттерді оқытуға мүмкіндік беріп отыр. Біздің кафедра оқу және клиникалық диагностика процесіне жасанды интеллект технологиясын енгізді. Бұл жүйе білім беру сапасын арттырып, уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Мысалы, бұрын екі жылдық оқу бағдарламасын меңгеру қажет болса, жасанды интеллектінің көмегімен бұл мерзімді бір жылға дейін қысқартуға болады. Сондай-ақ, студенттер жаңа әдістемелер мен әлемдік тәжірибелерге жедел қол жеткізе алады. Қант диабетін емдеуде де оң өзгерістер бар. Қазір елімізде сегіз

түрлі инсулин препараты қолданылады, оның ішінде отандық өнімдер де бар», – дейді сала маманы.

